№01 (63) / Қаңтар 2021 жыл / WWW.BILIMSHINI.KZ

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

ЖОЛАЕВ РАХЫМБЕК,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

БІРЛІК - БАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЖЕҢЕТІН ҰЛЫ КҮШ

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ МОЛ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ — БАРШАМЫЗДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

УТЕГЕНОВА Мәнсия Нақыпбекқызы,
Абай атындағы №17 жалпы орта мектеп директоры.
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы

ҚАСИЕТТІ ЖЕРІМІЗ, ҚАСТЕРЛІ ТІЛІМІЗ, БЕРЕКЕ-БІРЛІГІМІЗ -

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МӘҢГІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ЕСЕН Бақытқүл Артыққызы,
бас редактор

Жиырма бірінші ғасырдың жиырма бірінші жылы басталды. Қазақ Елі үшін бұл жыл ерекше маңызды жыл болмақ. Биыл еліміздің барлық азаматтары үшін ең қастерлі болып саналатын Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Біздің еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылында 30 ғасырлық жолдан өтіп, қаншама жасампаз бастамаларды жүзеге асырып, биік белестерді бағындырды деп мақтанышпен айта аламыз. 2021 жылы 5 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялады. Мен мақаланы қайта-қайта оқып, үлкен қуанышқа бөлендім. Киелі Отанымыз Қазақ Елінің 30 жылда жеткен жетістіктерін көз алдымнан өткіздім. «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім... Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі...Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық... Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу» деп атап өтті ел Президенті.

Қазіргі кезде әлеуметтік желі қоғамның бөлінбес бөлшегіне айналып, оның ықпалы уақыт өткен сайын артып келеді. Ресейдің кейбір азаматтарының Қазақстанның жерінің кезінде сыйға берілгені туралы сөздері халқымыздың заңды ашу-ызасын туғызған болатын. Президентіміз осы мәселе туралы «Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді» деп ашық айтқаны қуантты. Мемлекет басшысының жер туралы, тіл туралы, бірлік туралы айтқан керемет сөздерін біз әрдайым есте сақтауға тиіспіз. Ол бабалардан мұра болып қалған қасиетті жерімізді басты байлығымыз деп бағалады, жеріміздің ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейтінін, ешқашан сатылмайтынын бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат екенін айтты. Мемлекеттік тілді білу Қазақстанның әрбір азаматының парызы, міндеті екеніне баса назар аударды. Еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауапты екенімізді, Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсу қажеттігін атап өтті. «Егемендігіміздің мәңгілік үштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында. Қасиетті жеріміз, қастерлі тіліміз, береке-бірлігіміз - Қазақ Елінің мәңгілік құндылықтары. Сондықтан да қасиетті жерімізді көздің қарашығындай қорғап, тілімізді қастерлеп, бірлігімізді сақтауды жас ұрпақ терең түсініп, отансүйгіш тұлға болып қалыптасуы үшін ұстаздар қауымы аянбай еңбек етуі тиіс. Бәрі де тәрбиеге баланысты екені белгілі. Жуырда «Білім туралы» заңға өзгерістер енгізілген болатын. Қабылданған Заңдағы маңызды нормалардың бірі - балаларға қосымша білім беру үшін мемлекеттік тапсырыс институтын енгізу. "Енді мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында да жекеменшік ұйымдарда орналастырылады. Бұл мемлекет тарапынан үлкен шығындарды қажет етпей-ақ балалардың секцияларға, үйірмелерге және басқа да дамыту орталықтарына баруына қатысты мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік береді", - деп түсіндірді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов. Жаңа заңға сәйкес балабақшалар, мектептер мен колледждер мемлекеттік аттестаттаудан өтеді, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары білім беру процесіне енгізілгенге дейін міндетті түрде сараптамадан және апробациядан өткізіледі, министрлік білім беру ұйымдарына алып кіруге және онда пайдалануға тыйым салынатын заттардың тізімін бекітеді. Заңда қашықтан білім беруге қатысты жаңа нормалар пайда болды. Бұл өзгерістер, әсіресе үйірмелер мен дамыту орталықтарына мемлекеттің қолдау көрсетуі ұлтжанды, отансүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеуге игі ықпалын тигізеді деп сенемін. Қасиетті құндылықтарымызды қастерлей білейік, жерімізді, тілімізді, береке-бірлігімізді құрметтеп жүрейік.

БІРЛІК -БАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАРДЫ ЖЕҢЕТІН ҰЛЫ КҮШ

ЖОЛАЕВ Рахымбек,
Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы

2020 жыл бүкіл әлем үшін өте қиын жыл болды. Кібісе жылдың басталғаны сол екен, әлемді жайлаған қауіпті індеттің өрті ешбір елге бой бермей кетті. Зардап шекпеген сала қалмады. Әсіресе, медицина мен экономика саласы сынақтың өтінде болды. Білім саласы да бұл салалардан кем зардап шеккен жоқ. Осыншама қауіпке қарамастан тығырықтан жол тауып шықтық деп айтуға болады. Енді ескі жылдың есебін беріп, жаңа жылға жаңа үміт артып, атқарылған жұмыстар мен ілкімді шаруаларды бір екшеп алғанды жөн санап отырмыз.

Биыл бәріміз тәу ететін қасиетті тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі жылы екені белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында азаттығымыздың айшықты белесі болып саналатын 30 жылда атқарылған жұмыстарға баға беріп, алдағы он жылдықта қуатты елдің иесі және кемел халық болу міндетін қойды. «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық» деп атап өтті Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында.

Еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлігіміз үшін барлығымыз бірдей жауапты екенімізді айтқан Президентіміздің сөзін біз әрдайым есте сақтауға тиіспіз.

Бәріңізге мәлім, өткен жылдың наурыз айынан бастап оқушылар мен студенттер қашықтан оқуға көшті. Түркістан облысының білім ұйымдары 20 наурыздан бастап күні бүгінге дейін қашықтан жұмыс істеп келеді.

Әрине, жағдай дәл осылай болады деп ешкім күткен жоқ. Сол себепті де жаңа оқу жылына дайындық өте қарқынды жүрді. Соның нәтижесінде біз көптеген балабақшалар мен мектептердің қалыпты жұмысқа кірісуіне жағдай жасадық. Облыстың бас санитариялық дәрігерінің рұқсатымен 434 балабақшада 1568 топ ашылып, онда 17949 бүлдіршінді қабылдадық.

Облыстағы 900 мектепте осы оқу жылында оқитын бала саны 502 737-ге жетті. Былтырғы оқу жылында бала саны бұдан 21 461-ге кем еді. 2020 жылы 1 апатты жағдайда тұрған, 1 үш ауысымды мектептің проблемасы шешілді.

Қазақ тілінде тәрбие беретін мектепке дейінгі ұйымдардың саны көбейді. Бүгінгі таңда облыста қазақ тіліндегі 1230 балабақшада 133 454 бүлдіршін, 168 аралас балабақшада 16 221, орыс тіліндегі 9 балабақшада 1576 бала бар. Өзбек тіліндегі 2 балабақшада 8 топ құрылып, онда 205 бүлдіршін тәрбиеленеді.

Бүгінгі таңда Түркістан облысында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы арнайы мектеп-интернаттар мен балабақшаларға, оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттеріне, жеке үйде оқуға, инклюзивті білім алуға іріктеу дұрыс бағытта тәрбиеленуіне, оқытылуына, емделуіне кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

Кешегі кеңес заманында «Мүгедексіз Кеңес үкіметі» саясатымен ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жабық интернаттық ұйымдарда тәрбиелеп, білім берді. Содан қоғамда ерекше балаларға қатысты «естімейтіндер әлемі», «ақыл-есі кем балалар» деген стереотиптер қалыптасты.

Дегенмен, еліміз егемендік алған соң, білім беру

саласында инклюзивті білім беру процесі қарқын алып, игі істер атқарылуда.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім беруге жағдай жасаған білім беру ұйымдарының санын арттыру көзделген.

Инклюзивті білім берудің мазмұны – ерекше қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың сапалы білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда арнайы мектеп-интернаттар мен денсаулығына байланысты үйде білім алатын ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жалпы білім беру ұйымдарында білім алу процесі жүргізілуде.

Облыста инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында 1690 педагог арнайы дамыту курстарынан өткен. Балабақшаларда 57 арнайы педагог, ал, мектептерде 213 арнайы педагог жұмыс атқаруда.

Осы орайда, инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтар желісін кеңейту мақсатында Түркістан қаласындағы Т.Бигелдинов атындағы, №16 және №24 жалпы орта мектептерінде арнайы орталық ашылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мақсатында дүниеге келген «Қамқорлық» жол картасы аясында Түркістан қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі және №21 жалпы орта мектебінен инклюзивті қолдау кабинеттері ашылды. Аталған мектептерде 39 арнайы педагог ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау шараларын жүзеге асыруда.

Жалпы орта білім беру мектептерінен ашылған инклюзивті қолдау ресурстық кабинетіне арнайы педагог штаттары мен педагог-ассистент штаттары бекітіліп, олар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде.

Облыстың білім саласында атқарылған істер аз емес. Биыл «Елбасы медалі» жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «El Umiti» бастамасы аясында әзірленді. Сондықтан жеңімпаздарға берілетін медальдар мен жоба «Елбасы медалі» деген атау алды. Елбасы медалінің қола, күміс және алтын түрлері бар. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Оңалту орталығының» ашылу салтанатында облыс әкімі Ө.Шөкеев «Елбасы медалінің» облысымыздағы тұңғыш иегерін өз қолымен марапаттады. Медаль иегері – Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылындағы Әлкей Марғұлан атындағы №58 жалпы орта мектептің 9-сынып оқушысы Марғұлан Әділбек. «Елбасы медалі» бойынша бес бағытта – кітап оқу, спорт, ұлттық мұра, дарын мен дағды, волонтерлік іс бағыттары бойынша қатысушы балалардың арасында үздік шыққандар марапатталады. Біздің Марғұлан Әділбек өзін әсіресе, еріктілер бағыты бойынша жан-жақты таныта алды. Марғұлан қарт кісілер мен әлеуметтік мұқтаж отбасыларға көмек көрсетіп, үйсіз қалған жануарларға қамқор болды.

Айта кетейік, 2021 жылдың қаңтар айында облысымыздың тағы 80 қатысушысы қола «Елбасы медалімен» марапатталады. Ал, «Елбасы медалі» жобасының күміс және алтын медаль иегерлерінің есімі 2021 жылдың соңына қарай белгілі болады.

Ел Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-нің тікелей басшылығымен «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы Түркістан облысының ұлттық мектептерінде жоғары дәрежеде жүзеге асырылып келеді. Облыстағы ұлттық мектептердің ұстаздары мен оқушылары жыл сайын жобаның республикалық қорытынды мәресінде жүлделі орындар иеленіп жүр.

Облыста жыл басынан бері 1439 орынды 13 жекеменшік балабақша ашылғанымен, 35 мектеп жанындағы шағын орталық жабылды.

Түркістан облысында қазіргі таңда 64 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында 46 578 студент білім алып жатыр. Кәсіптік білім алған студенттердің ары қарай білімін жалғастыруға немесе бизнес бастауына барлық жағдай қарастырылған.

Ұлы мұратымыз – ұлттар достығы. Оңаша тағдырын осылайша ортақ тарихқа айналдыра білген халқымыздың ұстанымы осындай.

Расында да, ел бірлігіне ештеңе жетпейді. Барша ұлттың баласын бауырына басып, бір шаңырақтың астында берекелі күн кешкен Қазақстанның бүгінгі бақытты бейнесі – әлем жұртшылығының қай-қайсысына да үлгі боларлықтай. Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының маңайына топтасып, өздерінің салт-дәстүрлері мен мәдениетін заманға сай жаңғырту үстінде. Біздің өңірімізде де облыстық ассамблея құқық қорғау органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен іс-шаралар жоспарын түзді. Соңғы ресми мәліметтер бойынша Түркістан облысының халқы 1 983 967 адамды құрайды. Оның 76%-ын қазақтар, 17%-ын өзбектер, 1,8%-ын тәжіктер, 1,7%-ын орыстар, ал, қалған 3,7%-ын басқа да этностар құрайды екен. Өңіріміздегі ұлтаралық және конфессияаралық татулық пен бірлікті нығайту мақсатында Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан 12 этномәдени бірлестік және олардың аудандар мен қалаларда 7 филиалы, 14 өкілдігі құрылып, жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, этномәдени бірлестіктер жанында 10 «Жастар қанаты», 2 «Жексенбілік мектеп» және 8 «Аналар кеңесі» бар.

Жалпы, ел басына түскен қиындықты еңсерудің бірден-бір жолы бірлік екенін осы пандемия кезінде ұғына түскендейміз. Бірлік - барлық қиындықтарды жеңетін ұлы күш. Елдің бірлігі, ынтымағы жарасып тұрса, алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды.

ҚҰЗЫРЕТТІ БАСШЫ – МЕКТЕП ӘЛЕУЕТІНІҢ НЕГІЗІ

ҚАСЫМБЕКОВА Гүлназ Ерғалиқызы,
Келес ауданы білім бөлімі Әдістемелік кабинет меңгерушісі.

Білім беру саласында басшының біліктілігіне қойылатын талаптар жалпыға ортақ. Қазіргі жағдайда мәдениет кез келген ұйымдардың қызметімен және оларды басқарумен байланысты. Менеджмент мәдениет ретінде бірнеше аспектілерді қамтиды.

Мектеп директорлары үшін дамыған басқарушылық мәдениетке деген қажеттілік индустриялық және коммерциялық ұйымдардың жетекшілеріне қарағанда әлдеқайда маңызды мәселе болып табылады. Бұл білім беру «өндіріс» материалы – адамдар, сонымен қатар балалар ең қорғалмаған және нәзік жандар екендігіне байланысты.

Мектеп басшысының басқару мәдениеті – бұл мектепті басқаруда құндылықтар мен технологияларды жасауға, беруге және меңгеруге бағытталған басқарушылық қызметтің әртүрлі түрлерінде басшының жеке басын шығармашылық тұрғыдан танытуы.

Ең басты қасиеттердің бірі – көшбасшылық. Басқарушылық функцияларды сәтті орындау үшін көшбасшы адамдарды басқара білуі, өзін көшбасшы ретінде көрсете білуі керек. Көшбасшылық ресми (яғни, басшылық лауазыммен шартталған) немесе бейресми (яғни кәсіби және жеке қасиеттерге негізделген өкілеттік) болуы мүмкін. Жоғары дамыған басқару мәдениеті көшбасшыға ресми көшбасшылықты басқаларды мойындаумен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Көшбасшы келесідей қасиеттерге ие болуы керек:

· адалдық – жалпыадамзаттық моральдық нормаларды сақтауға қатысты айқындық. Көшбасшы – барлығымен бірге барлауға шығуға дайын адам;

· зерде – ақыл-ойдың жылдамдығы мен икемділігі, талдау және болжау қабілеті, қызығушылығы, сөйлеу шеберлігі;

· адамдарды түсіну қабілеті – басқа адамның көзқарасын қабылдай білу, басқа адамнан тұлғаны көру қабілеті;

· көзқарастар тұрақтылығы – жағдайға барабар реакция, эмоцияларды бақылау, іс-әрекеттің тұрақтылығы, көзқарастарға адалдық;

· өзіне деген сенімділік – олардың күшті және әлсіз жақтарын нақты бағалау, жауапкершілікті сезіну, мақсатқа жету жолындағы табандылық;

· күнделікті өмірдегі қарапайымдылық – әл-ауқатыңызды көпшілікке мәлім етпеу;

· эрудиция – көзқарастардың кеңдігі, кәсіби білім тереңдігі, мәдени білім, адами білім саласындағы білім.

Басқарушылық басқару мәдениеті оның басқару функцияларын қалай жүзеге асыратыны арқылы көрінеді. Басқарудың жеті түрі бар екен:

1. Мәжбүрлі басқару.

Адамдарды өз еріктеріне қайшы әрекет етуге шақыру. Биліктің бұл түрі жазадан қорқуға негізделген: айыппұлдар, жұмыстан босату, сөгіс, аз жалақы төленетін жұмысқа ауысу.

2. Әсер ете отырып басқару.

Көшбасшының жоғарғы билік органдарымен өзара әрекеттесуі оның билігін өзінің басшысының күшімен күшейтеді. Көшбасшының күші жиынтық сипатқа ие болады.

3. Құзыретті басқару.

Басқару процесінің көшбасшысы істің жай-күйін көбірек біледі, ол барлық жеке мәселелер бойынша сарапшы және судья ретінде әрекет етеді.

4. Ақпараттық басқару.

Басшы қол астындағылардың ақпаратқа қолжетімділігін реттейді, осылайша барынша ықпал етеді.

5. Ресми лауазым арқылы басқару.

Лауазым неғұрлым жоғары болса, көшбасшының ықпал ету дәрежесі соғұрлым жоғары болады.

6. Билікпен басқару.

Егер көшбасшы билікке ие болса, онда бағынышты адамдар оның бұйрықтарын наразылықсыз орындайды.

7. Ынтымақтастық арқылы басқару.

Егер басшының адамдарды материалдық жағынан марапаттауға және олардың мансаптық өсуіне үлес қосуға мүмкіндігі болса, онда оның билігі жоғары болады. Тиімді басшы моделін құру кезінде директорды, директордың орынбасарларын әлеуметтік және білім беруді басқарудың интеграцияланған жүйесіне негізделген үлгі ретінде қабылдау қажет.

Мектеп басшысының қызметі, кез келген басқа қызмет сияқты, «іс-әрекет түрінде және тек іс-қимыл

түрінде болады. Егер адам оны іс-әрекеттен ақылға қонымды түрде бөліп көрсетсе, онда ештеңе болмайды.

Басшының педагогикалық ұжымының рефлексиясы мынадай мүмкіндіктер береді:

· бүкіл жоспарланған процесті параллель жұмыс тұрғысынан жаппай қарау;

· жоспардың орындалуын «негізгі байланыс» қағидатына сәйкес болжау және ықтимал бұзылулардың алдын алу жолымен басқару;

· әртүрлі жұмыстардың байланысын толығымен ескеріп, оған әр уақытта оқу процесінің ең маңызды бөлімдеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Мектеп басшысының іс-әрекетінде оның коммуникативті қызметі ерекше рөл атқарады. Білім ұйымының оқытушылар құрамының психологиялық ахуалын қалыптастыруға әсер ететін көптеген қақтығыстар көшбасшының коммуникативтік дағдыларының болмауына байланысты. Оның сөйлеуі, қарым-қатынас стилі жағымды және жағымсыз эмоциялар тудыруы мүмкін, психологиялық климатты және педагогикалық құрамының тиімділігін қалыптастырады. Көшбасшының қарым-қатынас стилі ұжымда белгілі стандарттарды белгілейді, оларды мұғалімдер қабылдайды және басқа жағдайларға ауысады, бұл олардың және білім алушылар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың сипатына әсер етеді. Іскерлік қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейі жағымды моральдық-психологиялық ахуал тудырып, педагогикалық ұжым мүшелерінің ынтымақтастығына оң әсер етеді. Білім ұйымы басшысының стилі мектептің мақсатына жетуге барынша ықпал ететін топ мүшелері мен олардың ұйымдастырушылық мінез-құлқы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек. Алайда, көшбасшының тиімділігін бағалауда жағдайлық факторлар шешуші рөл атқара алады: бағыныштылардың қажеттіліктері мен жеке қасиеттері, міндеттің сипаты, талаптар мен қоршаған ортаға әсері, сонымен қатар қолда бар ақпарат. Сондықтан көшбасшылықтың қазіргі теориясында ситуациялық тәсіл жаңартылды.

Осылайша, көшбасшы әртүрлі жағдайда өзін-өзі ұстай білуі керек. Ол рефлексиялық әрекеттің дағдылары болуы тиіс. Түрлі ситуациялық модельдер білім ұйымын басқаруға икемді көзқарас қажеттілігін тануға көмектеседі. Бірақ, жоғарыда айтылғандардың барлығын жақсы білсе де, адамдар, олардың мотивтері, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері туралы пайымдауда қателік жасау өте оңай. Көшбасшы әрқашан өз пікірін қайта бағалауға, қажет болған жағдайда стильді өзгертуге дайын болуы керек. Көшбасшылықтың ең жақсы стилі – бейімделушілік немесе шындыққа бағытталушылық. Сондықтан тиімді көшбасшылар дегеніміз – шындықтың талаптарына байланысты басқаша әрекет ете алатын адамдар және бұл үшін жоғары басқару мәдениеті қажет. Көшбасшылық белгілі бір дәрежеде өнер. Команданы жоспарланған нәтижеге жылжытқан қоғамдық ұйымның басшысы «белгілі бір жағдайға ең қолайлы барлық стильдерді, әдістер мен ықпал түрлерін қолдануды үйренуі керек». Сондықтан, ол әрдайым рефлексивті негізде пайымдауларды қайта бағалауға және басшылықтың тиісті стилін өзгерту қажеттілігіне, әсіресе қақтығыс жағдайына дайын болуы керек.

Мектеп директоры және оның орынбасарлары жүйенің жаңа жолын бейнелейтін прогрессивті көзқарастың тасымалдаушысы болады. Көшбасшы тұлғасы туралы көзқарастар эволюциясын қарастыру мәдениеттану тәсіліне негізделген тиімді көшбасшының тұлғалық моделін сипаттау мектеп басшыларының басқарушылық мәдениетінің құрылымдық компоненттерін анықтауға бағытталған деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұрынғы тәсілдер көшбасшы тұлғасының негізгі психологиялық өзегін кәсіби қызметтің құрылымымен және сипатымен шектеді немесе оны мүлдем есепке алмады. Мәдениеттану тәсілінде көшбасшының кәсіби дамуы жаңа жолмен түсініледі: өмірдің жаңа жолына – жеке басындағы қиындықтарды білуге негізделген кәсіпте шығар-машылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға әкелетін оның ішкі дүниесін белсенді түрде сапалы етіп қайта құру.

Көшбасшының кәсіби және моральдық дамуы, оның жұмысының этикасы, басқару дәстүрлері – бұл көшбасшының басқарушылық мәдениеті, оған бірнеше «қосалқы мәдениеттер» кіреді:

- Жеке мәдениет дегеніміз – бағынушылармен қарым-қатынас формасы, жеке бас гигиенасы, ұқыпты келбеті, шеберлік деңгейі және т. б.

- Жеке және жұмыс уақытын қатаң жоспарлау. Көшбасшының басқару мәдениеті нақты мақсат қоймай және жұмыс күнін жоспарлаусыз мүмкін емес. Білікті және ұқыпты басшы кадрлармен жұмыс істеуге, туындаған мәселелерді шешуге және міндеттердің өзгеруіне байланысты мақсаттар қоюға, бөлім басшыларымен кездесулерге, жиналыстарға, келіссөздерге және т. б. уақыт табуға тиіс.

- Кез келген мәселе бойынша қызметкерлермен жеке сөйлесу мәдениеті. Тыңдау және дұрыс шешім қабылдау қабілеті ерекше бағаланады.

- Құжаттармен және хаттармен жұмыс істеу мәдениеті. Барлық электрондық пошталарға жедел жауап беру керек. Ең бастысы – өнімділікті бақылау.

- Шешендік өнер мәдениеті. Өз ойыңызды дұрыс жеткізе білу және әңгімелесушіге негізгі идеяны жеткізу қабілеті үнемі дамып отыруы қажет.

- Қазіргі менеджмент мәдениеті жұмыс орнындағы мәдениетті де қамтиды. Негізгі құжаттар – бастықтың үстелінде болуы керек құжаттар. Кестенің сыртқы көрінісінде келуші көшбасшы туралы алғашқы әсер қалдырады.

Басқарушының басқару мәдениеті көбінесе персоналды басқару стилі ретінде қарастырылады: авторитарлық, демократиялық (немесе кооперативті стильдің өзіндік түрі), жеке ситуациялық және либералды. Әр стильдің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Басқару стильдері өзінің таза түрінде іс жүзінде табылмайды, тек аралас формалар стильдердің біреуінің ерекшеліктерінен басым

болады. Өзіңіздің басқару стиліңізді белгілі бір жағдайға немесе бағынышты адамның жеке сипаттамаларына сай таңдаған дұрыс. Әртүрлі тәсілдерді талдау басшының басқарушылық мәдениетінің деңгейі басқарудың тиімділігі деңгейіне және өзі басқаратын ұйымның табыстылығына тікелей әсер етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Информатика пәнін қашықтықтан оқытудағы тиімділіктері

АЛПЫСБАЙ Нұрбек,
Келес аудандық білім бөлімінің информатика пәнінің әдіскері.
Түркістан облысы

«Біз қашықтан оқыту жүйесін ұстанған кезде басқа дамыған елдерде де орын алып жатқан кейбір қиындықтар туындауы мүмкін екенін жақсы түсінеміз. Бір отбасында бірнеше оқушы болған жағдайда бір компьютер мен бір смартфонды пайдалану ыңғайсыз болуы немесе қажетті техниканың мүлдем болмауы да мүмкін. Кейбіреулерде интернет байланысы да жоқ», – деді Білім және Ғылым министрі А.Аймағамбетов.

Дегенмен, бізде осындай проблемалар бар деп қол қусырып отырмадық. Қашықтан оқуға арналған әртүрлі платформаларды пайдаланып, одан қалса Whatsapp мессенджері арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, электронды журнал Kundelik.kz арқылы жұмыс жүргізудеміз.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен тиімді жақтарын айқын тұстарын атап өтейік.

- Оқушы жаңашылдыққа бейімделуде;
- Оқушы оқу процесіне белсенділік танытуда;
- Танымдық қызығушылықтары артуда;
- Кері байланыс орнатады және икемдеп отырады;
- Тұрақты көмек пен сұқбатты қамтамасыз етеді;

Осы оқу жылының басынан бастап Onlinemektep білім беру платформасы арқылы информатика пәнін оқыту өте қолайлы болды. Платформада әр тақырып жеке түсіндіріліп тесттік, сәйкестендіру, орнына қою тапсырмалары кеңінен қарастырылған. Оқушы сабақ кестесіне сай пәндерге кіріп, тапсырманы орындап, дер кезінде өзінің жинаған ұпайын және қателескен сұрақтарының жауаптарын біле алады. Оқушылар тақырыпты мұқият оқып, өз білімдерін тапсырмалар арқылы шыңдай алады.

Информатика пәнін қашықтан оқытуда негізгі кедергі: информатика пәні практикалық тапсырмалары көп болғандықтан оқушылардың орындарына кедергі туғызады, себебі әр оқушы компьютермен қамтамасыз етілмеген. Қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу.

Қорыта келе, қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің қашықтықтан оқыту жүйесі жасалып, білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты білім алу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тәрбие ұйымдастыруына көмектеседі.

Өз бетімен шығармашылық әрекет жасауға қабілетті мамандар даярлауда жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеуге бағытталған педагог пен оқушы әрекетінің тиімділігін арттырудың жолдарының бірі – педагогикалық жаңа технологияларды орынды қолдану болып табылады. Педагог білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін, формаларын жүзеге асыратын кәсіп иесі. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, өзіне және шәкіртіне деген жаңа қатынасымен тікелей байланысты болмақ.

Түркістан қаласы Қ.Сәтбаев атындағы №12 жалпы орта мектебінің ұлағатты ұстаздары журналымыздың "Құрмет тақтасы" айдарында

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

ИБРАЕВА Аманкуль Джуматаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Ибраева Аманкуль Джуматаевна 1966 жылы қараша айының 7-жұлдызында Түркістан қаласында дүниеге келген. Мектепті 1984 жылы бітіріп, 1986 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақтың мемлекеттік университетіне түсіп, оны 1991 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1987 жылы Қ.Сәтбаев атындағы №12 жалпы орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмысқа қабылданды. 2004 жылдың ақпан айынан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. Қазіргі таңда директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін қатар атқарып келеді.

Елімнің болашағы деп үміттенетін бүгінгі жас ұрпаққа білім нәрін сеуіп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, бойындағы бар күш-жігерін, білімін шәкірт тәрбиелеуге арнайтын Аманкүл Жұматайқызының еңбегі ерекше. Ол еңбек еткен 34 жылда талай жетістіктерге жетіп, мектепшілік, қалалық, облыстық сайыстарға қатысып мектептің абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз ұстаз.

Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп отырады. Ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл, қарапайым ұстаз. Білімін үнемі жетілдіріп отыратын, білім мен тәрбиені ұштастыра білген ұстаз. Сынып жетекшілердің шығармашылық қабілетін, өздік танымдық біліктілігін дамытуда көшбасшы бола біледі. Тәрбие саласы бойынша қалалық семинардың жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтілуіне атсалысып, белсенділік танытып жүрген ұстаз. Газет, журнал беттерінде ұстаздың мақалалары бірнеше рет жарық көріп отырды, солардың бірі «Педагогикалық шеберлік» журналында 2019 жылы жарық көрген «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарын білім беру құндылықтарымен ықпалдастыру» атты мақаласы мен Қазақ даласының ұлы перзенті Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толу қарсаңында мектепте өткізілген ауқымды іс шараны өткізуге ұйытқы болып, «Ұстаз» газетінде «Менің халқым менен де биік» атты мақаласы жарық көрді.

Лауазымдық міндетін атқара жүріп «Ерен еңбегі үшін» медалі, Республикалық ғылыми-әдістемелік журналынан мадақтама грамота, II дәрежелі диплом I Республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиада жүлдегері, «Мың бала» Республикалық білім сайтына өз шәкірттерін белсенді қатыстырғаны үшін дипломмен, Қалалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, «Педагог» Республикалық озат педагогтар порталының Алғыс хатымен, Республикалық «Таңғажайып дүние» байқауына өз оқушысын қатыстырғаны үшін Республикалық «Жас дарын» атты көркемсөз байқауы дипломдарымен марапатталған. Оқушылардың Кіші Ғылым Академиясының облыстық сыртқы байқауы III дәрежелі дипломмен марапатталған.

Ибраева Аманкүл Жұматайқызы - лауазымдық міндетін, адал жан-жақты ізденімпаздықпен атқарып, шәкірттерін Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық тәрбие беруге ат салысып жүрген ұлағатты ұстаз.

КУРМАНБАЕВА Гульнар Рахимжановна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Курманбаева Гульнар Рахимжанқызы, 1966 жылы киелі Түркістан қаласында дүниеге келген. 1983 жылы орта мектепті бітіріп, Түркістан қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1985 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады. 1985 жылы 5-қыркүйек күні №12 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сынып мұғалімі, 2002 жылдан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. 1999 жылы Қазақ Еңбек және Әлеуметтік Қатынастар Академиясының Түркістан филиалына түсіп, 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан Ашық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады. 2011 жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп келеді.

Еліміздің болашағы үшін ұлт мақтанышына айналар ұрпақты жетектеп, ұлы Абай айтқандай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой иірімін ұранымызға айналдырып, адамзат құндылығы-білім екенін көрсету жолында еш аянбай, біліктілік пен шеберлігін ұштастырып, «ұлы болу оңай емес, ал ұлылардың ұрпағы болып қалыптасу одан да қиын» деген қағиданы іске асыруда ерен еңбек етіп жүрген Гульнар Рахимжанқызы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігінің шешіміне «ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН» медалімен, Мақтау қағазымен марапатталған. Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқаны және қалалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін 2020 жылы 2 қазанда «Ұстаздар күні» мерекесіне орай Алғыс хатпен марапатталды.

Курманбаева Гульнар Рахимжановнаның шәкірттері білім жарыстарына талай биіктерді бағындырып, жеңіс тұрғырынан көрініп жүргендігін мақтанышпен айта аламыз. Ұстаздың көптеген еңбектері мен шығармашылық жұмыстары баспа беттерінде жарияланып, озық тәжірибесі көпке үлгі болып жүргендігін де айта өткіміз келіп отыр. Ұлағатты ұстаз Гульнар Рахимжанқызының талабы таудай шәкірттерін әлі талай биікке жетелейтініне сеніміміз мол.

УТЕГЕНОВА Мәнсия Нақыпбекқызы,
Абай атындағы №17 жалпы орта мектеп директоры.
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ МОЛ БАРШАМЫЗДЫҢ

Ұлы ақын, ғұлама, ойшыл, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде тарихымызда өшпес із қалдырған Абай Құнанбайұлы қазақ халқының мақтанышы, әлемдік деңгейдегі ұлы тұлға екені белгілі. Ұлы Абайдың есімін иелену мектебіміздің ұстаздары үшін де, шәкірттері үшін де үлкен мақтаныш болумен қатар үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» деген мақаласында «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деп атап өткен болатын. Ұлы Абайдың мол мұрасын дәріптеу – баршамыздың азаматтық парызымыз. Қазақ Елінің жас ұрпағы данышпан Абайдың сөздерін терең түсініп, отансүйгіш азамат болып өскенде ғана біз әлемдегі озық елдердің қатарына қосыла алатынымызды түсінуге тиіспіз. Заман талабы үздіксіз қозғалысты, батыл күш-жігерді және табанды еңбекті талап етіп отыр. Сондықтан болашағымыздың жарқын болуы әрқайсымыздың қажырлы еңбегімізге байланысты.

Ақ алтынды Мақтааралдағы №17 Абай атындағы білім ордасында бүгінде атқарылған іс-шаралар аз емес. Білім шаңырағын аттағаннан көрінген киелі қобыз бен қасиетті домбыра мүсінінің өзі ұлтыңа деген мақтаныш сезімін тудырады. Сол сәтте осындай дүниені жасаған хас шеберге деген алғысыңызды білдіріп, қуанышқа бөленесіз. Ары қарай жүре берсеңіз, ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған тұғырлы ескерткіш пен зәулім ғимараттың бір қабырғасындағы ақынның суреті және ағаштан түйін түйген шебердің қолынан шыққан Абай мүсіні кез-келген жанның назарын өзіне аударады. Мектептегі ақынның оқу-білімге, бірлікке, еңбекке, адамгершілікке шақыратын мәні терең сөздерінің жас ұрпақ тәрбиесіне әсері мол деп ойлаймын. Жасыл желекке оранған мектептің қабырғасындағы стендтер, әр сыныптағы бұрыштар өскелең ұрпақтың ғұлама туралы білімін одан әрі жетілдіруге кең жол ашуда. Мектебімізде тәрбиенің түрлі бағыттары бойынша іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілуде. Ақын мерейтойына арналған онкүндік мұғалімдер мен мектеп оқушылары арасында поэзия эстафетасы, автордың үш тілде әндерін орындаудан басталды. Бұл орайда Абайдың «Сегізаяқ» әнін нақышына келтіре орындауда 7 «Ә» сынып оқушысы Айдарбек Кәусар оқ бойы оза шауып, аудан көлемінде жүлделі орынға ие болды. Сондай-ақ, ақынның мысалдарына, табиғат, жыл мезгілдеріне арнап шығарған өлеңдеріне байланысты сурет салу сайысы да оқушылардың қиялына қанат бітіріп, ерекше қызығушылығын оятты.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Еримбетованың ұйымдастыруымен жас мамандар арасындағы онкүндіктің әр күні Абай рухына бағышталды десек те болады. Әр сабақты Абай шығармаларымен бастаған оқушылардың білім көкжиегі кеңейе түсті. Бұл онкүндік аясында ең бір ауыз толтырып айтарлық дүние - жас мамандардың әйгілі «Абай жолы» романы бойынша театрландырылған көріністегі аналар бейнесінің үздік шығуы. Қойылымда ел арасын бітістіруші Абай ғана емес, оған ақыл берген Ұлжан, қысылтаяң сәтте оңтайлы шешім қабылдаған Зере көрермен назарын ерекше аударса, бауыр еті баласының қайғысына жүрегі қарс айрылған Айғыздың жанайқайы мен өзгенің есігінде анасын аңсаумен өткізген бейбақ Камшаттың жайы көрермендердің көзіне еріксіз жас алдыртты.

Сондай-ақ, мектеп оқушылары жыл бойы жүргізілген республикалық түрлі байқауларға белсене қатысып отырды. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті кафедрасы ұйымдастырған онлайн эссе байқауынан 11 «Ә» сынып оқушысы Ысқақ Айгүл Сапарбайқызы 1-орын, «AL-FARABY» білім орталығының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Абай жолы» атты көркемсөз оқу шеберлерінің арасында 7 «Б» сынып оқушысы Ергашева Дурдона Шухратқызы, 5 «А» сынып оқушысы Рахим Жаңылай Омарқызы, 5 «А» сынып оқушысы Аязбек Ұлжалғас Сапарбекқызы, 8 «А» сынып оқушысы Әліқұл Баянсұлу Рамазанқызы 1-орын, 11 «А» сынып оқушысы Орынбек Ерасыл, 10 «А» сынып оқушысы Амангелді Жансая Эсенхановна, 7 «Б» сынып оқушысы Асанова Ақерке Бақытжанқызы, 5 «В» сынып оқушысы Апбаз Абзал Еркінұлы, 7 «Б» сынып оқушысы Аязбек Ақтілек Сапарбекқызы, 7 «А» сынып оқушысы Жақсылықова Ақниет Нұржанқызы 2 - орын, 10 «А» сынып

МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ

оқушысы Бүркітбай Ағаби Шаймерденұлы 3-орын иеленді. Сайысқа шәкірт дайындағаны үшін жетекшілері Қошқарова Гулназия, Оспанова Бибігүл, Каюпова Айгүл, Орақбаева Күнімкүл, Сапарбекова Меруерт Алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын білім беру ұйымдарының педагогтары мен білім алушылары арасында кеңінен насихаттау мақсатында «Дарынды оқушылардың қабілетін айқындау, дамыту» жобасы аясында Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Өлең сөздің патшасы...» атты республикалық Абай оқулары байқауының жеңімпаздары 11 «Ә» сынып оқушысы Темирова Ақнурис Жарасбековна, 11 «А» сынып оқушысы Амантай Маржан Қайратқызы, 10 «Б» Рахим Айзада Бекжігітқызы, 11 «А» сынып оқушысы Бейсенбай Гүлшат Ерланқызы, 8 «А» сынып оқушысы Әліқұл Баянсұлу Рамазанқызы жетекшілерімен қоса марапатқа ие болды. Байқаудың алғашқы кезеңінің өзінде-ақ, оқушылар өлең, эссе, ғылыми жобаларымен келесі кезеңге жолдама алып, кейбір оқушылар елдегі орын алған төтенше жағдай, су тасқынына қарамастан ерен еңбегімен көрініп, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп жатқа оқып, түсірген бейнебаянды орталыққа жіберіп, өздерінің білім-біліктерін сынап отырды. Міне, осындай жағдайдың өзінде алғашқы орындарды иелене білген оқушыларға шын риза боласыз. Ал «Абай әлемі және рухани мұрасы» қашықтық олимпиадасында ұстаз Орақбаева Күнімкүл 2-дәрежелі диплом жүлдегері атанды.

Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ш.Наргозиев пен Г.Кулханова және аға тәлімгер М.Сапарбекова мен музыка пәні мұғалімі Ж.Қоқымбаеваның ұйымдастыруымен Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы құрметіне хакім Абайға арнап орнатылған ескерткіш 2020 жылы тәуелсіздік күні қарсаңында салтанатты түрде ашылды. Біздің мақсатымыз Абай шығармашылығын жас ұрпақтың «жүрегіне терең бойлатып», Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту. «Сөз патшасы - өлең» құдіретінің асыл сөз маржандарын бойларына сіңіру, ой-қиялдарын поэзия әлеміне енгізу. Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой-толғауларын насихаттау. Ескерткіштің ашылу салтанатында Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімі орынбасары Б.Төребеков, Мақтаарал ауданы білім бөлімінің бас маманы А.Қошқаров, аудандық әжелер алқасының төрайымы Ш. Құрбанбаева, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Жолдасов және ауыл ақсақалдары, сондай-ақ, демеушілер өздерінің жылы лебіздері мен ыстық ықыластарын білдірді. Сондай-ақ, «Әлем таныған Ұлы Абай» атты салтанатқа келген қонақтар жүргізілген іс-шараларға жоғары баға беріп, республикалық деңгейдегі жиын болғанын атап өтті.

Ескерткіштің ашылу салтанаты концерттік бағдарламаға ұласып, демеушілер, ардагер ұстаздар мен мектеп қызметкерлері Алғыс хаттармен, Республикалық «Ынтымақ жолы» қоғамдық қоры атынан «Еселі еңбегі үшін», «Абай Құнанбайұлы» медальдарымен марапатталды. Кемеңгер ақын, ұлы Абай өмірі мен шығармашылығын дәріптеу алдағы уақытта жалғасын тауып, жақсылық жаршысындай оқушылар санасына жарық сәуле болары сөзсіз.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып , аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, - деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де,жалынды жырымен де бізбен бірге өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек!

Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында. Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек. Ұлы ақын бізге халықтың рухани азығына айналған мол мұра қалдырды. Сол мұраны дәріптеу тек мерейтой кезінде ғана ескерілмей, жыл сайын кеңінен насихатталуда.

Абайдың мол мұрасы ұрпағымыздың жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етіп келеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтыруда. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру - біздің ұстаздардың негізгі міндеті.

Өзін-өзі тану — рухани-адамгершілік білім беру пәні

ОМАРОВА Алия Амангелдиевна,
№3 мектеп-лицейінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Өзін-өзі тану пәні әлемдегі ең басты құндылық – адамның өмір сүру үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына жақсы адам болуға тұлғаны жастайынан үйрету біздің басты міндетіміз.Өзін-өзі тану ғылымының мақсаттарының бірі – білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады. «Өзін-өзі тану» пәнін «Адамның үйлесімді дамуы» институты (Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО) дайындаған, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген орта білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

«Өзін-өзі тану» пәні әр оқушының ішкі жан-дүниесін байытуы және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді. Өзін-өзі тану пәнінің оқу-әдістемелік құралдары оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Мақсаты: оқушының өмірлік айқындамасын анықтауы; түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешуі; өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау; адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу; өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу; жасампаздық пен белсенділік, азаматтылық және елжандылық таныту; өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу; қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Міндеті:

- оқушылардың өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік таныту қабілеттіліктерін ашу;
- өзін, өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзіне және басқаларға жақсылық пен сүйіспеншілік таныту ниеттерін дамыту;
- өзін дәріптеу, өзіне сену, өз ойы, сөзі және іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту;
- адам мен ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығын, оның табиғатпен біртұтастығын, тән және жан саулығының бір-бірімен тығыз байланыстылығын түсіну, салауатты өмір сүрудің негізі ретінде өзінің дене және психикалық күйін реттеу қабілеттіліктерін арттыру;
- әлеуметтік айқындамалар мен рөлдердің көп қырлылығы тұрғысынан өзінің әрекеттері мен мінез-құлықтарын реттеуде терең ойланып, сезіне білу қабілеттіліктерін дамыту;
- күнделікті өмірде нақты мәселелерді шешуде жасампаздық белсенділік таныту.

Пәннің оқыту ерекшелігі: оқушының өзіндік бейімін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде дамыту.

Қазақстандық қоғамдағы жеке тұлғаны қалыптастыру тұрғысындағы ұлттық патриотизмді санаға сіңірудегі негізгі кемшіліктер мыналар дер едім:

а) Отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;

ә) Адам өмірін аса маңызды құндылық ретінде бағаламау, салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларының толық қалыптаспауы;

б) Бұқаралық ақпараттар құралдарының жеке тұлғаны қалыптастырудағы кері ықпал етуі;

в) Тәрбиенің жаңа парадигмасын ғылыми-әдістемелік жағынан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

г) Балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік потенциалы тиімділігінің төмендігі;

д) Балалар мен жастар қызығушылықтары бірлестіктер жүйесінің шектеулілігі (клубтар, үйірмелер, секциялар т.б.) және олардың іс-әрекеттерінің жеткіліксіздігі.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларға сүйеніп, жас ұрпақтың тәрбиесі осы заманғы қоғамды дамытудың және еліміздің қауіпсіздігінің негізі мен мемлекеттік саясатын құрайтын басты стратегиялық міндеттер ретінде қаралуы тиіс.Құндылық – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер. Жеке тұлға үшін ең басты өмірлік құндылықтар: Адам – абсолютті құндылық, «барлық танымның өлшемі». Біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы. Қазіргі жағдайда адам дамуы зерттеу объектісі ретінде ғана емес, алдымен, аса маңызды мәдени үлгілер жасаушы және өзінің ынтасымен шығармашылыққа ұмтылушы, шығармашылық және таным

субъектісі ретінде ұсынылуында.

Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы.\Отан, туған өлке – тағдыр берген, ата-бабасынан қалған, өз халқының мәдени, рухани мұрасымен, оның өткен тарихымен байланыстыратын әр адамның теңдесіз, бірегей туған жері. Денсаулық, салауатты өмір салты – бақытты, үбірлі өмірдің міндетті шарты; өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қарау адамның ішкі табиғи қажеттілігі болуы тиіс. Еңбек – адам болмысының негізі, рухтанған, саналы, шығармашылық еңбек – адамның табиғи қасиетінің анағұрлым табиғи көрінісі.

Білім – әрбір жеке тұлғаның және әлеуметтік прогресстің дамуына қажетті шарт. Оқудың нәтижесі – білім. Білімнің тәрбиелік мәні жеке бастың қамында емес, мақсатқа жетудің құралы. Мәдени мұра – барлық адамзаттың және әр халықтың рухани және материалдық өмір саласындағы орасан зор байлығы. Нағыз мәдениет өзіне мәңгі бақи шындықты, мейірімділікті және әсемдікті біріктіреді.Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, аса маңызды әлеуметтік-мәдени құндылықтардың бірі. Достық – өзара сыйластық қарым-қатынастағы дербес, еркін таңдау. Достық адалдық және өзара көмек беруді ғана емес, сонымен қатар, ішкі үйлесімділікті, ашық-жарқындықты, сенімді және махаббатты айғақтайды.

Еліміздің егемендігі нығайып, ертеңіне сеніммен қадам басқан шағында заманына сай адамын тәрбиелеу басты міндет. Осы өрелі жолда ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының президенті С.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының алға қойған мақсатының өзі ерекше. Өйткені, бұл пән жасөспірімге рухани-адамгершілік білім беру, дамыту арқылы үйлесімді қалыптасуына ықпал етеді.

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

САХОВ Нурлан Умирзакович,
Шымкент қаласы білім басқармасының "Сайрам көмекші мектеп-интернаты" тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны оқушылардың жан-жақты тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытуға арнайы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл тәрбие адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі бағыттарын қамтиды.

Адамгершілік тәрбиесі.

Арнайы мектеп өзінің тәрбиеленушілерін қоғамдағы өзіндік өміріне дайындау оның адамгершілікке тәрбиелеу маңызды орын алады. Мектеп оқушыларын отанды сүюге, қоғамға пайдалы еңбек етуге, қоғамдық құндылықтарды қорғауға, ұжымға және жолдастық өзара көмек беруге, адамдар арасындағы өзара сыйластыққа және адамгершілік қатынасына, адами тазалық, өмірде қарапайымдылыққа, арамдық, әділетсіздікке қарсы болуға, достыққа оларды рухани өсуге, ұлттық және нәсілдік қайшылықтарға қарсы болуға тәрбиелейді.

Еңбекке тәрбиелеудің мәні - болашақта қажет болатын еңбек әрекетіне қатысты барлық жұмысты қамтамасыз ету, яғни еңбек етудің жалпы және арнайы (кәсіби) білім, икемділік пен дағдыларын қалыптастыру.

Арнайы мектепте еңбек сабақтарына ерекше көңіл бөлінетін болғандықтан еңбек тәрбиесі нәтижелі болады. Еңбексүйгіштік, еңбекті сыйлау, ұқыпты болу, еңбек ету қажеттілігін түсіну сапалары еңбек тәрбиесінде қалыптасады. Сонымен қатар, еңбек тәрбиесі сабақтан тыс уақытында шаруашылық-тұрмыстық еңбек әрекетінде және еңбек үйірмелерде, кәсіби бағдар беру жұмысында да үздіксіз жүреді.

Эстетикалық тәрбие арнайы мектеп оқушылары үшін орны ерекше. Эстетикалық даму зият дамуына әсер етеді, сондықтан сезім, қарым-қатынас пен дене дамуына жағымды. Эстетикалық тәрбиенің таным қызметі мүмкіндіктері шектеулі балаға дамуындағы кемістікті түзету мен орнын толықтыруға, жоғары психикалық процесстерді дамытуға жол ашады. Эстетикалық сезімдері әр түрлі ойын, еңбек, көркем, таным әрекеттер негізінде қалыптасады.

Арнайы мектептегі эстетикалық тәрбиенің негізгі тәсілдері:

- еңбек, тұрмыс пен әлеуметтік қарым-қатынастарды эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыру (күнделікті әдемілік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу);
- табиғаттың әсемділігіне сүйену (бақылау арқылы үйрету, саяхаттарға бару);
- өнер құралдарын пайдалану (ән-күй, сурет, еңбек, ана тілі сабақтарында, мұражай мен көрмелерге бару, үйірмелер арқылы жүзеге асады).

Дене тәрбиесі - арнайы мектептегі сауықтыру жұмысымен бірге маңызды бағыттардың бірі. Арнайы мектеп оқушыларында дене дамуы мен денсаулығы төмен көрсеткіштерге ие. Дене шынықтыру оқу бағдарламалары оқушылардың денсаулықтарын дамыту мен кемістіктерін түзету мақсатында түрлі шараларды (гимнастика, спорт ойындары т.б.) қамтиды. Арнайы мектепте дене тәрбиесі дене шынықтыру сабақтарынан тыс емдік дене шынықтыруы мен сабақтан тыс жұмыс арқылы жүзеге асады. Күнделікті оқушылар азанда гимнастика жаттығулар жасайды, басқа сабақтарда дене шынықтыру кезеңдері өткізіледі. Оқушылардың денсаулығын дамыту үшін дене шынықтыру үйірмелер ұйымдастырылады (орта және жоғары сынып оқушылары үшін).

Арнайы мектепте өтетін «Денсаулық күні» мен спорт жарыстары да балаларды салауатты өмір сүруге қызықтырады, жалпы дене дамуындағы кемістіктерді түзетуге көмектеседі.

Мектебіміз - мәңгілік мақтанышымыз

УМАРАЛИЕВ Қабулжан Абдухамутович,
№65 Әбдірашид Мұзрапов атындағы
жалпы орта мектеп директоры.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Осы орайда ауыл мектебінің бүгінгі бет–бейнесін жаңа қырынан көрсетіп келе жатқан Түркістан облысы, Сайрам ауданы №65 Әбдірашид Мұзрапов атындағы жалпы орта мектебін айтуға болады. Киелі шаңырақтың кірпіші 1984 жылы «Қызыл-қышлақ» бастауыш мектебі болып қаланған. 1989 жылы қосымша бөлмелер соғылып, негізгі мектепке айналдырылды. 2000 жылы демеушілер тарапынан қосымша сынып бөлмелері қосылып, Әбдірашид Мұзрапов аты берілді. Елімізде «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, мұғалімдердің жалақысы көбейіп, ұстаздардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін игі істер атқарылуда. Әр қаладағы, әр ауылдағы мектеп білім мен тәрбие ошағы болып табылады. Әр мектеп өзінің ұстаздарымен мәртебелі, өзінің түлектерімен тұғырлы. Бізде өзіміздің еселі еңбегімізбен ел сенімін ақтауға ұмтылып келеміз. Мектебіміз - мәңгілік мақтанышымыз. 2015 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша мектеп құрылысы басталып, 2016 жылы қыркүйек айында пайдалануға берілді. 2020-2021 оқу жылында мектепте 533 оқушы білім алуда, мектепалды даярлық тобында 54 оқушы, 1-4 сыныпта 204 оқушы, 5-11сыныптарда 275 оқушы бар. Ұжымда 63 мұғалім жұмыс істейді. Педагогикалық ұжымда 4 жас маманымыз бар.

Ұжымның мақсаты - бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, функционалды сауаттылығы жоғары оқушыны тәрбиелеу. Мектептегі барлық жүргізіліп отыратын іс-шараларды ата-аналардың қатысуымен өткізуге әрекет етеміз. 2020-2021 оқу жылын қашықтықтан оқыту форматында бастадық. “Мектеп онлайн” платформасы арқылы оқудамыз. Балаларды 1-сыныпқа және 10-сыныпты «Мектеп смартнейшн» электронды түрде қабылданды. Білім алушылардың қозғалысы, мектеп педагогтарының сапалық құрамы, материалдық базасы, мектептің техникалық персоналы туралы мәліметтер Білім беру дерекқорының (НОБД) базасында толтырылды. Kundelik.kz порталында электронды журналда мұғалім, ата-ана, оқушы аккаунтардың тіркелуі 100% пайызды құрады. Қашықтықтан оқыту процесі синхронды және асинхронды форматтарда санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар талаптарын және оқу уақытын ұтымды пайдалануды ескере отырып

өтуде. Сабақтың синхронды форматында оқыту мұғалімнің қазіргі заманғы мүмкіндіктерді пайдалана отырып нақты уақыт режиміндегі білім алушылармен тікелей байланысқа шығу арқылы сабақтар өтілуде. Сабақтың асинхронды форматы «Онлайн Мектеп» платформасының мүмкіндіктері арқылы мұғалімнің білім алушылармен жүзеге асырылуда.

Мектептің әдістемелік кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес I тоқсанда пән бірлестіктері «Қашықтық оқыту онлайн жүйесіндегі зерттеушілікті дамыту» тақырыбында ашық сабақтар мен түрлі іс шаралар өткізілуде.

Өзінің педагогтік шеберлігін үздіксіз жетілдіріп отыратын, ұшқыр ойлы ұстаздар педагогикалық олимпиадалар мен сайыстарға, ғылыми байқауларға шәкірт қатыстырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүр. Сайрам аудандық білім бөлімінің 2020 жылғы 10 қазандағы №2 -2\42 хатына сәйкес пандемияға байланысты 5-6 сынып оқушыларына арналған мектепішілік олимпиада 23 қазанда математика, жаратылыстану, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы пәндерінен қашықтықтан өткізілді. Жоспар бойынша пән онкүндіктерінде Ұлы тұлға Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Білім инемен құдық қазғандай» тақырыбында оқушылардың ізденушілік, шығармашылық жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылар ұлы ғұламалар жайлы ақпарат жинап, челлендж жасап, өз үлестерін қосты.

Биылғы оқу жылы өзіндік ерекшеліктерімен өтті. Әлемде орын алған пандемия қиыншылықтарына қарамастан оқушылар мен ұстаздар мектептің рейтингісінің көтерілуіне үлестерін қосуда. Білім бар жерде тәрбиенің де қатар жүретіні анық. Мектеп қабырғасында тәрбие мен білімге қатты назар аударылады.

Тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпы адамзаттық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құрайтын «Мәңгілік ел» патриоттық идеясы мен Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мемлекеттік маңызы бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамның белсенді мүшелерін тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда әр оқушының жеке тұлға болып қалыптасуы үшін жүргізілетін түрлі үйірмелер мен спорт секцияларының маңыздылығы зор. Әрі денсаулықты сақтауға, оны нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекеттерімен танылып жүрген, спортты өзіне серік еткен оқушылар аз емес. №65 Әбдірашид Мұзрапов атындағы жалпы орта мектебі оқушылары өнерден де құр алақан емес.

2020-2021 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары арасында 10 пәндік үйірме, спорттық секция ұйымдастырылған. Үйірмеге дарынды оқушылармен қатар тәртібі қиын, мүмкіндігі шектеулі балалар мен көпбалалы отбасыдан шыққан оқушылар да тартылған. Барлығы мектеп бойынша 82 оқушы спорттық секцияға, пәндік үйірмелерге 73 оқушы қатысады. Қол өнер үйірмесіне 12 оқушы қатысады.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін оқу жылы барысындағы демалыс уақыттарына арнайы іс-шаралар жоспары жасалынып, «Қызықты математика» үйірмелеріне 64 оқушы қатысады, 5-9 сыныптарда «Полиглот», «Жас биолог» үйірмелері жұмыс істейді. Оған 61 оқушы қатысады.

Бүгінде технологияның қарыштап дамыған заманында, білім саласында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, тәжірибе алмасу арқылы білім сапасын жақсартып, ұлттық кадрлардың деңгейін күшейтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға болады. Ол үшін шығармашылық ізденіс қажет. Біздің мектептің ұстаздары да білімін жетілдіру мақсатында тынымсыз ізденіс .Білім саласына арналған газет-журналдарға жазылып, іс-тәжірибелерін жариялап, түрлі марапаттарға ие болуда

Сөзімді қорытындылай келе бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұлқыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ, ҚОҒАМ БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ - ӘРБІР САНАЛЫ АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

ТИЛЛАБЕКОВА Айжамал Оразымбетовна,
С.Сейфуллин атындағы №29 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

«Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халқымыз. Иә, ұрпақтың тәрбиесі – қоғамның болашағы және оған аса зор жауапкершілікпен қарау – әрбір саналы азаматтың борышы. «Ел боламын десең, бесігінді түзе»,- деп М.Әуезов көрегендікпен дәл айтты емес пе? Бала тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздар қауымының парасаттылығына байланысты. Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Оның күрделігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. Ойлап қарасақ, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанға дейін тәні мен жанына арналармен құйылады.

Қазіргі таңда тәрбиенің теориясы мен практикасының өзекті мәселелерінің бірі – оқу-тәрбие жүйесінің мақсатын белгілей білу. Мәселен, «мен оқушыларымның бойынан қандай қасиеттерді көргім келеді немесе болашақта қандай азамат болып өссе екен деп ойлаймын», осындай сауалдарға жауап іздеу барысында оқушыларға тәлім–тәрбие берудегі басты мақсаттарды анықтап алуға болады. Ал ұстаздардың осы талап тұрғысынан табылуы, олардың адам тәрбиесіне өнер деп қарап, үнемі шығармашылықпен іздене жүргізуіне, әр ұстаздың бойындағы жақсы қасиетті, өнегелі істі танып көре білуіне, оны үлгі-өнеге етуіне байланысты демекпін. «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей», - деп Ы.Алтынсарин айтқандай халқымыздың сан ғасырлық тарихынан өзек тартатын рухани мұрасын ұрпақ бойына сіңіргенде ғана еліміздің жұлдызы жанып, әлемдік мәдениетке ұмтылары айқын.

Мемлекетімізде қазіргі таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің зор қажеттігі туындап отыр. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын жандандыруды қажет етіп отыр. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда. Тәрбие даму ретінде қарастырылады, яғни ол педагогикалық қарым-қатынаста адамдық сапаларды сақтау және қалпына келтіру.

Тәрбие жұмысы – педагогтардың нақты міндеті, яғни шәкірт тұлғасын сомдау мәселесін саналы түрде шешуге бағытталған үйлесімді іс-әрекеті. Тәрбие және тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет. Тәрбиенің қалыптасуы – ұстаз, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке-бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын келісілген тәртіпке бас игенде ғана іс оң нәтиже таппақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Ата-аналарға балаларына өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуі» міндеттелген. Сондықтан тәрбие мәселесін тек мектеп пен ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты.

Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігімен қатар жеке басының үлгісі шешуші рөл атқарады. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне,

дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды.

Оқушы жастардың жүрегін тебірентіп, ой-сезіміне әсер ету үшін біріншіден, тәрбиеші ұстаздың саяси сауатты, жан-жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, екіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден, мұғалім оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылай, тамыршыдай тап басып білетіндей сезімтал психолог болуы керек. Яғни А.Н.Толстой айтқандай «Мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол нағыз ұстаз».

Білім мен тәрбиені сабақ барысында ұштастырып, бірлікте оқыту - әрбір ұстаздың басты шарты болса, сынып жетекшілері тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да іздене жүріп, оқушылардың бойына тәрбиенің, соның ішінде ұлттық тәрбиенің, ең ізгісін, ең асылын сіңіре білуі керек.

Қоғамға және еліне қызмет ететін креативті, жаһандық тұрғыдан ойлайтын салауатты азаматты қалыптастыруды көздеген оқу ордамызда ұйымдастырылатын іс-шаралар Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясын негізге ала отырып, келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Ұлттық тәрбие;
- Отбасы тәрбиесі;
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
- Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру.

Мақсаты: жас ұрпақтың бойына туған жеріне деген сүйіспеншілікті дарыта отырып, өзі өскен мекеніне деген мақтаныш сезімін, махаббатын ояту, салт-дәстүрі мен мәдениетін сыйлай білу арқылы патриоттық тәрбие беру.

Аталған бағыттар идеясы сабақ барысында, қосымша білім беру кезінде, сыныптан тыс іс-шаралар мен мектеп жобаларында және сынып сағаттарында, ұйым сағатында енгізіліп, мектептің негізгі бағыттары мен басшылыққа алатын құжаттарын енгізу жоспарына сәйкес атқарылады.

Мектепте ата-аналармен байланыс бойынша оқу жылының басынан келесі жұмыстар жүргізіліп келеді:

- Мектеп әкімшілігінің ата-аналармен байланысы;
- Педагог-ұйымдастырушы, тәлімгер, сынып жетекші мен ата-ана арасындағы байланыс;
- Ата-аналар кеңесі отырысының жоспары;
- Ата-аналар жиналысы.

Ата-аналар тоқсандық жиналыстарға, тәрбиелік іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар т.б. қоғамдық жұмыстарға қатысып, үлес қосады.

Күн сайын ұялы байланыс пен электронды жазбалар арқылы ата-аналармен байланыс орнатылған. Оқушының кешігуі, оқу үлгерімі, тәртібі, пән мұғалімінің ескертпелері туралы мәліметтер өз уақытында жеткізіледі.

Ата-аналар комитетінің төрағасы мен сынып төрайымдары мектеп жиналысына белсенді қатысып, оқу жылындағы жоспар, талаптармен танысып бірлесе атқарады.

Денсаулықты нығайту, психологиялық тұрақтылық және салауатты өмір салтын ұстану, зиянды заттардан аулақ болу, аурудың алдын-алу, оқушылардың спортқа деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру мақсатында физикалық даму бағытында оқу жылының басынан көптеген іс-шаралар атқарылды.

Мектепте салауатты өмір салтын ұстану мен спортқа деген көзқарас ерекше. Мектеп оқушылары спорт түрлерінен көптеген жарыстарға қатысып жүлделі орындар қатарынан үнемі алда келеді.

Оқушылардың тұлғалық қасиетін дамыту мақсатында ел ағаларымен, танымал тұлғалармен, ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Қазақстанға, облысымызға танымал тұлғалармен кездесулер өткізілді.

Мектеп қабырғасында ұйымдастырылған барлық кездесулер мен тренингтер оқушылардың тұлғалық қалыптасуын қалыптастырып дамытуда. Сонымен қатар, сынып және ұйым сағаттары барысында жеке тұлғалық қасиеттерді жан-жақты дамытуға аса көңіл бөлінеді.

Жыл басында әр оқушының күнделікті мектепке келгендегі көңіл-күй парағы толтырылып тапсырылады. Бұл бойынша әр оқушымен жеке жұмыс жасалынады. Сонымен қатар оқушылардың күнделікті жағдайы, отбасындағы келеңсіздіктер «сынып жетекшінің мониторингі» базасына тіркеліп отырады. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан жаңартулар оқу-тәрбие жұмысының бағыт-бағдарын заман талабына сай міндеттейді. Педагогикалық ұжымда мониторинг жасаудың ішкі заңдылығы – рейтинг жүйесі қалыптасты. Педагогтардың қызметін жүйелеу үшін сынып жетекшілер және мұғалімдер арасындағы рейтингтің қорытындысы сараланады. Сондай-ақ тұрақты түрде жыл қорытындысы бойынша «Жылдың үздік сыныбы», «Жылдың үздік сынып жетекшісі» байқаулары ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы марапатталып отырады.

Тәрбие жолы - қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам – ұстаз, шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Мүлт етсе үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Мектептегі әр ұстаз ізденуді, білім беруді, баулуды, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндет, айбынды мақсаты деп біледі. Жас ұрпақты білімді, жан-жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысу керек. Сондықтан да ұстаздар қауымы, сапалы білім бере отырып, еліміздің болашақ жастарын ұлағаттылыққа тәрбиелейік!

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТЫНЫМБАЕВА Гульсара Тунгушбековна,
№93 Абылайхан атындағы жалпы орта мектебінің
көркем еңбек пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейімді, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Мектептер мен өзге де білім беру ошақтарында оқытылатын көркем еңбек пәні мен пәндік қолөнер үйірмелері оқушының жеке басының дамуында маңызды рөл атқаратыны баршамызға белгілі. Көркем еңбек сабақтарында оқытылатын сәндік-қолданбалы өнері оқушылардың қызығушылық шеңберін кеңейтуге, эстетикалық тәрбие беруге, ойлау қабілеттерін арттыруға, өнерді түсіне білуге, суретшілік қабілеттерін дамытуға елеулі септігін тигізеді. Көркем еңбек сабақтарында оқушыларда өнер сүйгіштік, талғампаздық, ұқыптылық, төзімділік, ізденімпаздық, еңбекқорлық қасиеттері пайда болады. Қолданбалы өнермен айналысу барысында оқушылар қоршаған әлемнің таңғажайып көрінісі мен табиғат сұлулығын мата, былғары, ағаш, киіз, қаңылтыр, тас, тері, былғары және тағы да басқа материал беттеріне түсіруді үйренеді.

Тігу, қию, үлгі, нобай, сызбалар, эскиздер дайындау барысында икемдері мен дағдыларын қалыптастырады. Оқытылатын тақырыпты балалар толық түсінуі үшін көркем еңбек пәнін оқыту бағдарламасы бойынша оқушылардың алдына тақырыпқа байланысты орташа зат обьектілері болуы керек. Мысалы: қолдан жасалған дайын бұйымдар мен оларды жасауға қажетті материалдар, жіп, сазбалшық, ермексаз, жүн, мата түрлері, қағаз түрлері, табиғи және жасанды терілер, фоамарин, пластик және табиғи материалдар, сонымен қатар түйме, моншақ, сумоншақ, ілгек, атлас таспалары сияқты қосымша материалдар да болуы керек. Балалар оларды қолдарымен ұстап көріп, формасын анықтап, заттың формасы мен көлемі, химиялық, физикалық, механикалық қасиеттері мен ерекшеліктері туралы толық түсінік алады.

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ұстанымдар: тәрбиелеу, ғылымилық, саналылық пен белсенділік, түсініктілік пен шамаға лайықтылық, білімнің берік болуы, көрнектілік, жан-жақты даму, теорияны практикамен байланыстыру және жүйелілік пен бірізділік ұстанымдары. Тәрбиелеу принципі – оқыту процесі сияқты, тәрбиелеудің де маңызы өте зор. Балаларды оқыта отырып тәрбиелеу ол барлық білім беретін орындары ұстанатын қағида. Тәрбиелік принципіне сүйене отырып, көркем еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларды тек қана дағдысы мен икемін қалыптастырып қоймай, сонымен қатар түсініктерін, заңдарды, терминдерді және әрбір оқулық тапсырмаларын кеңінен және жан-жақты қарастырады.

Алған білімді ой елегінен өткізбейінше білім алу мүмкін емес, міне осыдан барып саналылық приципі шығады. Білімді белсенді қабылдап, ой елегінен өткізсе, балалар білімді дұрыс қабылдайды. Сабақтың соңында оқушылардың жасаған бұйымдарын қорытындылағанда бір-бірінің жұмысының дұрыстығын өз беттерінше анықтай алатындай мүмкіндік беру керек. Түсініктілік пен шамаға лайықтылық принципі оқушылардың ерекшелігін білумен байланысты. Түсініктілік принципі – нені оқытсаң да, не үйретсең де, түсінікті, жас ерекшелігіне сай оқыт деген сөз. Яғни оқытудың жеңіл болуы, ойлау белсенділігін төмендетеді. Сонымен қатар ынтасын нашарлатады. Сондықтан жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге, жақыннан алысқа қарай оқытуды ұйымдастырған дұрыс. Егер оқыту оқушының шамасына сай болса, таным белсенділігін арттырып, жалпы дамуын шапшаңдатады. Білімнің берік болу принципі білімді орнықты меңгеру деген сөз.

Көрнектілік принципі – нені оқытсаң да көзбен көрсетіп оқыт деген сөз. Көрнектілік принципі оқу процесінің дамуында негізгі рөл атқарады. Бұл принцип баланың танымдық қабылдауын арттырады. Олар құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көргенін жақсы қабылдайды. Көрсету барысында баланың ақпаратты қабылдауына ықпал ететін психологиялық шарттарды ескерген жөн. Жан-жақты даму принципі-оқушылар шығармашылық қабілетін сабақтан тыс үйірмелерде, қосымша сабақтарда, түрлі конкурстар мен сайыстарға қатысу барысында, үй жағдайында да толығымен дамыта алады.

Ұлттық мемлекетіміздің ертеңі, болашағы бүгінгі жас ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтың қол-өнерін сақтап қалуға тәрбиелеу- ұлағатты ұстаздардың бүгінгі абыройлы борышы десек артық айтпаған болар едік. Осы орайда ұлы ойшыл Уильям Уордтың ой-толғауы еске түседі. Ол: «Жай мұғалім – хабарлайды, жақсы мұғалім – түсіндіреді, керемет мұғалім – көрсетеді, ал ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген еді.

СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫ

ИСАБАЕВ Думан Арипбекулы,
М.Тынышбаев атындағы Қаз.ККА
Шымкент көлік колледжінің оқытушысы.

Дене мәдениеті барысында сабақ өткізу үшін әрбір жоғары оқу орындарында студенттер мына оқу бөлімдеріне бөлінеді: негізгі, арнайы медициналық және спорттық. Бөліну оқу жылының басында студенттердің жынысы, денсаулық жағдайы, (медициналық қорытынды анықтамасымен), дене дамуы, дене және спорттық-әдістік дайындалғандығы, қызығушылығы есепке алынып жүргізіледі. Бұл көрсеткіштердің негізінде әрбір студент дене тәрбиесінен міндетті курсты өту үшін үш бөлімнің біріне түседі. Әрбір бөлімнің белгілі бір шұғылдану сабағының мазмұны және мақсатты бағыты болады.

1-кесте - Дене жаттығуларын орындау кезіндегі қуат шығынының шамасы (салмағы 70 кг. адам үшін).

Жаттығу түрлері	Жылдамдығы км/сағат	Қуат шығыны	
		мин/ккал	Сағ/ккал
Жүру	3,0-4,0 4,0-5,0 5,0-6,0	3,5-4,0 4,0-5,0 5,0-6,5	200-240 240-300 300-390
Жүгіру Суға жүзу	6,0-6,5 9,0-10,0 11,0-13,0 0,5-0,6 1,0-1,5 1,8-3,0	8,0-8,5 10,0-11,0 13,0-17,0 3,5-4,0 5,0-6,0 6,5-11,5	480-500 600-650 800-1000 200-250 300-350 400-700
Шаңғыда жүру	7,0-8,0 8,0-9,0 9,0-10,0 10,0-15,0	7,5-8,5 8,5-10,0 10,0-11,5 11,5-18,0	450-500 500-600 600-700 700-1100
Велосипедпен жүру	4,0-5,0 8,0-9,0 10,0-12,0 14,0-15,0 18,0-20,0	3,0-3,5 4,0-4,1 5,0-6,0 6,0-7,0 8,0-10,0	180-200 240-250 300-350 350-430 500-600
Қайықта есу	3,0-3,5 4,0-4,5 5,0-5,5	4,0-5,5 6,0-8,5 9,0-11,0	250-320 370-500 550-650
Конькиде: сырғанау	-	5,0-8,5	300-500
Сауықтыру сипатындағы ойындар: Волейбол, бадминтон, стол теннисі, теннис, футбол, баскетбол.	- - - - - -	4,0-5,0 5,0-6,0 4,0-5,0 6,5-7,5 7,5-8,5 9,0-10,0	250-300 300-350 250-300 400-450 450-500 550-600

Дене жаттығуларын қайталау санына қарай мөлшерлеу (дозирование).

Барлық жаттығулардың қайталау саны 6-20 аралығы көлемінде ауытқып тұрады. Жаттығуларды мөлшерлеу әдісі белгілі уақыт аралығында максималды қайталаудың санын (МҚ) алдын-ала қарастырады (15-30 сек). Сауықтыру жаттығуында жүктеме мөлшері мына шамада болады:

МҚ МҚ немесе 20-50 МҚ.

Жастық шақтағы дене жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін сауықтыру жаттығуында әртүрлі төзімділік түрлерін (жалпы, жылдамдық, жылдамдық-күш) жетілдіретін жаттығуларға артығырақ мән берген дұрыс. Орта және егде жастарда шектелген жылдамдық жаттығулары жағдайында барлық қозғалыс сапаларына әсер ету маңызды.

Орта және ортадан жоғары дене қабілеті жағдайы деңгейіндегі адамдар үшін аптасына үш реттік шұғылдану дұрыс болып табылады. Жоғары дене дайындығы жағдайындағы жас адамдарға да дене жұмыс қабілеттілігі мен дайындығын одан әрі жетілдіру мақсатында аптасына 3 рет шұғылдану мақсатқа сәйкес болады. Кемеліне келген және егде жаста дене дайындығы жағдайының жоғары деңгейінде, оны одан әрі сүйемелдеу үшін аптасына екі реттік шұғылдану қажет.

Көптеген елдерде қарым-қатынасқа үйрететін мамандарда, коммуникативтік қабілетті дамыту мәселелерімен айналысатын ғылыми мекемелер де бар. Ондай мекемелерді немесе құрылымды «Әлеуметтік-психологиялық тренинг» - деп атау қалыптасқан.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг - деп әр түрлі саладағы қызмет барысындағы пара-пар өзара әсер үшін қажетті қарым-қатынас дағдыларына, біліктіліктеріне, білімдеріне мақсатты үйрену прогрессін іске асыратын қызмет түрін айтады. Әлеуметтік-психологиялық тренинг мазмұнын коммуникация процесі және өзара әсер ретінде қарым-қатынастың кейбір жақтарын қамтиды. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің өзіндік (ерекше) әдістерінің бөлініп көрінуі, үйретудің топтық жән активті әдістеріне ерекше назар аударылуынан білінеді. Активті әлеуметтік-психологиялық дайындаудың бір түрлі әдістері шетелдердегі әлеуметтік психологияда жан-жақты жасалғандығы аталады. Бұрынғы Кеңестер Одағы ғылымында ӘПТ әдістерін тәжірибиеде қолдану кейінгі жылдарда ғана алына бастаған болатын. Айта кететін жәйт, бұрынғы Одақ Ғылымында 30-шы жылдары кейбір өндірістер мен жоғары оқу орындарында «іскер ойын» әдістері жасалынып ойдағыдай қолданған болатын. Дегенмен, бұрынғы Кеңестер Одағы ғылымында адамдар арасындағы коммуникативті қабілеттерді қалыптастыру мәселесінде қол жеткен жетістіктердің болғандығы аян. Отандық және шет елдік тәжірбиелер негізінде қарым-қатынасқа үйренудің белсенді нақты әдістерін ұсынатын еңбектер 80-90-шы жылдары көптеп жарық көрген болатын. Енді ӘПТ әдістеріне қысқаша шолу жасап көрелік. ӘПТ әдістері сан-сала мамандық иелерін кәсіби карым-қатынаска үйретуде көп қолданылады. ӘПТ-ің басты бір саласы күнделікті өмірде қарым-қатынас кезінде әр түрлі қиындықтарды сезіп қиналатын, жақын адамдарымен тілтабыса алмайтын, жалғыздықта қамыққан адамдарға коммуникативті қабілеттерді дамытуға көмек беру болып табылады. Сондай-ақ бұл әдіс жан күйзелістегі әрі жаны жаралы болған, жан салауаттылығын жоғалтқан адамдарды қарым-қатынас әлеміне таратуда қолданылады.

Алдымен қарым-қатынасқа үйретудің мамандар арасында көбірек қолданып жүрген қандай әдістері бар соған тоқталайық. Негізінде мамандар арасында қолданып жүрген бұл кезде белсенді топтық оқыту әдістері бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде белгілі. Солай бола тұрғанымен олар өз бетінше де мәнге ие. Сонымен қарым-қатынасқа үйретудің кең тараған әдісі - лекция.

Лекциялар (лекция оқу) қарым-қатынас формалары, және адамдар арасындағы өзара әсердің өту заңдылықтары туралы білім береді. Лекцияда сондай-ақ байланысты жүзеге асырудың субъективті алғы шарттары туралы мәліметтер беріледі.

Оқымыстылар мен мамандардың айтуынша мәліметтер таратуда кең тараған форма - осы лекциялық болып табылады. Лекция оқудың тиімділігі егерде, лектор материалды жақсы меңгеріп қарым-қатынас мәдениеті және психология туралы ғылымның жалпы шарттарын тыңдармандардың мұқтаждарына (сәйкестендірген) ынғайлағанда арта түседі. Лекциялық мәслихаттың келесі маңызы әсерлік шарты - материалдың қонымдылығы, оны ой елегінен өткізу мүмкіндігімен өмір ситуациясына сай игілікке асыру. Сонымен қатар лектор және оның сөзі тыңдармандар тарапынан сенімге ие болып оның жасаған ұсыныстарын басшылыққа алуға дайын (көңілін білдіруді) көңіл-күй туғыза білуі аса маңызға ие. Айтар аттың жақсы меңгерілуіне ашық - қанықты көрнекі мысалдарда ықпал жасайды. Кинофильмдер мен бейне таспалар, мінез-құлықтың әр түрлі үлгілерін демонстрациялауға мүмкіндік береді. Кез-келген эпизодтардың бірін бірнеше рет қайта көру арқылы, өмірде байқала бермейтін адамдар арасындағы карым-қатынастың бір сәтіне назар аударуға, техника толық мүмкіндік қалай алады. ӘПТ процесінде жасалған бейне таспа (бейнежазу) жазуы адамға өзін көру арқылы оның өз ортадағы әрекеттері туралы пікірін қалыптастырады.

Арнайы әдебиеттерді оқуда - қарым-қатынасқа үйретудің дәстүрлі бір әдісі болып табылады. Арнайы әдебиеттерде мінез-құлық ережелері, оның ішінде белгілі бір қоғам кезеңдеріндегі әлеуметтік топтардың мінез-құлық формаларына талдау жасалған, ұлттық ерекшелікке байланысты әр түрлі халықтардың ұстаған әдептілік ережелері көрсетілген, белгілі бір кәсіп саласы қызметкерлері арасындағы қарым-қатынас ережелері, іскер адамдар арасындағы байланыс ережелері, ұсыныстар берілген топтамалар, кітаптар жатады.

Өркениетті, экономикалық дамыған елдерде мінез-

құлықтың қағидалары мен негізгі ережелері мазмұндалып, кездесетін жағдайға сай өзіңді қалай ұстау керек екендігі туралы нақтылы кеңестер берілген әдебиеттер көптеп шығарылады. Қазіргі кезде біздің әдептану оқулықтары мектеп оқушыларына, орта және жоғары оқу орындары студенттері үшін жасалып, оқу бағдарламасына қосылуда.

ӘПТ жүйесіне пікір толы әдісі де кіреді. Шындығында пікірталас іс-әрекеттің болатыны белгілі, әрі осы әрекет әдістің міндетті шарты болып табылады. Пікір таластың объектісіне адамдардың өзара бір-біріне деген көзқарасын, коммуникативті ситуациялы идеяларды жатқызуға болады.

Айталық топтық пікір талас барысында идеяны талқылау, қатысушылардың ннтеллектуалдық қызметін ынталандырып, әркімнің өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдейтін аргументтерді табуға итермелейді. Пікірталас жаңа дәлелдер мен қарсы аргументтердің әсерінен жеке бас позициясының қатар қаралуына дейін жеткізеді. Пікірталастың жемісті нәтижесі - оның әр түрлі идеяларды жан-жақты және терең талданудан, ой елегінен өткізіп және талқылауға түскен мәселе бойынша баршаға ортақ ішкі позицияның қалыптасуында.

Қызмет атқару барысында, яғни адамдармен жанды байланысқа түсіп, қателіктер жіберіп, оны түзеп, өзі беделді санаған үйренуден өтпей-ақ қарым-қатынас жасау жолдарына үйрене алады. Дегенмен бұл процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік қалайтын жолдарда табылғанын атап айтқанда: марапаттау және айыптауларды қолдана отырып өзара әсерін қалай өткендігін білдіретін қайтымды байланысты ұйымдастыру; қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгергендердің адам мінез-құлықтарына бақылау орнатуы; тәрбиеленушінің іс-әрекетін бақылап, қайтымды байланыс сеансын тиянақты жасап тұратын жетекшінің бар болуы - арнайы үйренуден тыс қарым-қатынас дағдыларына үйретудің танымал жолдары болып табылады.

Кәсіби коммуникативті біліктіліктер мен дағдылар әріптестер әрекетіне бақылау жүргізу және іскерлік қарым-қатынас ситуацияларында меңгеріледі. Қарым-қатынастың күнделікті дағдылары тұрмыстық өмір сәттері арқылы да қаланады.

Қарым-қатынасқа үйренудің келесі әдісін рөлдік ойын (іскерлік ойын) әдісі дейміз. Бұл әдіс коммуникативті біліктілік пен дағдыларына жаттығу жүргізу, мінез-құлық стратегиялары мен әдептілік жолдарын меңгеру әдісі саналады. Рөлдік ойында тәрбиеленуші эксперимент жағдайында мінез-құлықтың жаңа амалдарына үйреніп, олардың қолданыста қалайша орныққаны жайлы қайтымды байланыстан біліп отырады.

Рөлдік ойындарды (іскер ойын) үшін, осы ойын арқылы шешілетін проблемалар тізімі жасалынады. Рөлдік ойындағы ситуациялар мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) жаттықтырушы өзі үйрететін әлеуметтік біліктіліктер туралы лекция оқиды немесе пікірталас өткізеді; кейбір жағдайда бұл кезеңде мінез-құлықтың жағымды модельдерін демонстрациялауға да болады;

2) өз кезегінде оқушылар (үйренушілер) бірқатар ситуациялық проблемалық рөлде ойнайды, ал олардың алдына проблеманы беруі керек;

3) әрбір қойылымнан (жаттығу ойынынан) соң қайтымды байланыс орындауға және топтың пікірталасына байланысты жаттықтырушының түсініктемесін қамтиды. Бұдан да басқа дыбысты және бейне таспа жазу құралдарын да қолданудың маңызы зор.

Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері

БЕКХОЖАНОВА Роза Рустемовна,
№7 орта мектебінің география пәні мұғалімі.
Алматы облысы, Текелі қаласы

Бөлім:	**3 Физикалық география** **3.4 Биосфера**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды.
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушылар үшін:*** Білім алушылар Қазақстандағы табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің айырмашылығымен танысады. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Білім алушылар Қазақстандағы табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің айырмашылығын талдауды біледі. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Білім алушылар Қазақстандағы табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің айырмашылығын талдауын сипаттап бере алады.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбек етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылық ты ояту. 7 мин	**(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.			Оқулық, жұмыс дәптері ДК экраны
Жаңа сабаққа кіріспе	**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және	1.Алтай тауындағы табиғи зоналардың алмасуын түсіндір? 2.Қандай биіктікте мұздықтар мен қар жұрнағы басталады? 3.Табиғи зоналардың шекаралары шығысқа қарай төмендейтін ерекше сипатқа ие болады? 4.Шөл даланың неше түрі бар?	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада	**Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп,** талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.

	жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз ойымен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.*		жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді.	Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.	Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулерін сипаттап көрсетеді.	Тақырыпқа байланысты интернет көздерін пайдаланып бөліп шығару мүшелерімен танысады.
	Тапсырмалар айдарындағы 1-тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	***1-тапсырма*** 1.Берілген суретті қолданып, Тянь-Шань тауының табиғат зоналарын (биіктік белдеулік бойынша) анықтаңыздар.	Дескриптор: Жалпы - 4 балл 1. Тянь-Шань тауының табиғат зоналарын анықтайды.	ДК экраны 9-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. Слайд.
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин	**«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*	

Рим цифрлары

МАКУЛБЕКОВА Перизат Шаянбаевна,
М.Ломоносов атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.1.3 12-ге дейінгі рим нумерациясын оқу, жазу және пайдалану.
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар:** ауызша косу және азайтуды орындайды. **Көптеген оқушылар:** құрама есептің шешу жолын таба алады. **Кейбір оқушылар:** тапсырма орындап, өз пайымдауын айта алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	**Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру** ширату жаттығуларын жасау арқылы жүреді. **(Т) Сабақтың тақырыбын ашу** -Балалар, сабақтың тақырыбын анықтау үшін, мына жұмбақты шешу керек. *Қозғалмастан бір елі,* *Түні бойы жүреді.* -Балалар, жұмбақтың шешуі не болды? -Ендеше мына сағаттарға қарап, олардың қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар екенін айтыңдаршы. -Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ? -Қандай жетістіктерге жетеміз деп ойлайсыңдар? **Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.** **Қызықты ақпарат:** -Балалар, мұндай рим цифрлары бар үлкен сағаттарды қайдан көруге болады? -Бұл сағаттарды кім көре алады? -Бұл оларға не үшін керек? -Жалпы рим цифрларын өмірде көп кездестіруге болады. Әртүрлі оқулықтар мен журналдарда, мұнара сағаттарында, темір жол бекеттерінде де. Сонымен қоса рим цифрлары адам өмірімен де тығыз байланысты.	Ширату жаттығуларын жасайды. Сұраққа жауап береді. */оқушыларға қабырға сағаты мен темір жол бекетіндегі үлкен сағаттың суретін көрсетіп, жауаптарын тыңдау/*	Мадақтау	
Сабақтың ортасы 13 мин	**(Т)** Оқулықтағы 2-тапсырманы орындату 6-бет **Конверт әдісі** **(Ж.Қ) «Менің өмірімдегі сандар»** Оқушыларға ламинатталған тақталарға өздерімен байланысты рим цифрларын жазып, топтастарына көрсету ұсынылады. **Мысалы:** туған күнін, жасын, сыныбын, отбасындағы адам санын, т.б.	2-тапсырманы үлгі бойынша орындайды. Рим цифрларын ламианатталған қағаздарға жазады. Түсіндіре отырып, сыныптастарына көрсетеді.	**ҚБ:** 1-10 балдық жүйе.	Оқулық, дәптер қалам

2 мин 20 мин	**Дескриптор:** - Рим цифрларын жазады. - Түсіндіре отырып көрсетеді. **Сергіту сәтінде «Көңілді күн» әуенімен билеп жаттығады.** **(Т.Қ) «Жүгірме диктант» ойыны** -Балалар, ойын арқылы диктант жазуды ұсынамын. Сендерге 1 минут уақыт беріледі. Осы уақыттың ішінде 1/Текшені лақтыру арқылы жүгірушілер таңдалады. 2/Жүгіруші парақта жазылған рим цифрасын оқып, өз тобына жүгіріп айтып отырады. 3/Топтастары жүгіруші айтқан санды кестеге жазады. 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 **(Ө.Қ)Карточкамен жұмыс** **Тапсырма •** Берілген сандардың арасынан рим цифрларымен жазылған сандарды тауып, қоршап сызыңыз және оқыңыз. III 4 20 I 2 6 V 18 0 11 X 3 9 12 **Саралау тәсілі: «Қарқын»** әдісі арқылы жүзеге асады. **Қарқыны жоғары оқушыға:** Тапсырма: Ешқандай заттарды қолданбай, рим цифрларын құрастыру, көрсету. Дене мүшелерін пайдалануға болады. Қарсы топтар көрсетіп тұрған цифрды табу керек. **Қарқыны баяу оқушыларға**: уақыт беріледі.	Сергіту сәтін жасайды. Топтар тапсырмаларды орындап болған соң, тексеру жүргізіледі. Әр дұрыс санның жанына «+» таңбасы қойылады.	Оқулық **ҚБ:** 1-10 балдық жүйе
Сабақтың соңы 2 мин	**Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы»** әдісі бойынша өтеді. **Үй тапсырмасы:** № 6,7-бет		

Задания по суммативному оцениванию за раздел сквозной темы «Живая природа»

ДАЛДЕКЕЕВА Алия Бимахановна,
учитель русского языка и литературы
школы-гимназии № 65 им. Ы.Алтынсарина
г.Шымкент

Вид речевой деятельности	Слушание, говорение
Цели обучения	3.1.3.1 отвечать на простые вопросы по содержанию прослушанного и подбирать иллюстрации по развитию сюжета, заполнять таблицу 3.2.3.1 участвовать в речевой ситуации на определенную тему, понимать, о чем говорит собеседник; соблюдать речевые нормы
Критерий оценивания	*Обучающийся* Отвечает на вопросы по прослушанному тексту. Заполняет таблицу Участвует в речевой ситуации Соблюдает речевые нормы
Уровень мыслительных навыков	Применение
Время выполнения	20 минут

Слушание
[http://900igr.net/prezentacija/okruzhajuschij-mir/priroda-i-my-92035/solntse-zemlja-vozdukh-voda-chelovek-rastenija-i-zhivotnye-griby-i-4.html]

Прослушай текст и ответь на вопросы.

Солнце, Земля, воздух, вода, человек, растения и животные, грибы и микробы - все это природа. Природа бывает неживая и живая. Солнце, воздух, вода, полезные ископаемые – это неживая природа. Человек, животные, растения, грибы и микробы - живая природа. Живые существа, в отличии от предметов неживой природы, дышат, питаются, растут, приносят потомство, умирают. В природе все взаимосвязано. Тепло и свет от Солнца, воздух и вода необходимы живым существам. Значит живая природа не могла бы существовать без неживой. Но и живая природа влияет на неживую.

1.О чем этот текст?

A) о планете Земля

B) о живых существах

C) о живой и неживой природе

D) о Солнце

2. Живые существа, в отличии от предметов неживой природы:

A) не дышат, не питаются, не растут

B) дышат, питаются, растут

C) не двигаются

3. Заполни таблицу. В первую графу напиши все то, что относится к живой природе, во вторую графу названия неживой природы.

Живая природа	Неживая природа

Говорение Рассмотрите картинку и в паре поговорите на тему «Природа», используя слова на картинке. Соблюдайте речевые нормы.
[https://4.bp.blogspot.com/-pKipxesA0jQ/WcaCi2snSQI/AAAAAAAACGY/KnZ4jeMMXm4Xp-PgK9jY4WIcLHfblEZTgCEwYBhgL/s1600/%25D0%25A0%25D0%25B8%25D1%2581%25D1%2583%25D0%25BD%25D0%25BE%25D0%25BA2.jpg]

Критерий оценивания	№ задания	Дескриптор	Балл
		Обучающийся	
Отвечает на вопросы по содержанию текста, заполняет таблицу	1	отвечает на 1 вопрос	1
	2	отвечает на 2 вопрос	1
	3	заполняет графу «Живая природа»	1
		заполняет графу «Неживая природа»	1
Участвует в речевой ситуации, соблюдает речевые нормы	2	раскрывает тему	1
		использует слова картинки	1
		соблюдает речевые нормы	1
Всего баллов			**7**

Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі

ДИЛДАБЕКОВА Гаукар Алиаскаровна,
№27 «Мәртөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің
химия, биология пәндерінің мұғалімі.
Шымкент қаласы

Оқу мақсаты:	**7.4.1.3-адам ағзасына кіретін элементтерді (O,C,H,N,Ca,P,K) білу;** **7.4.1.4-тыныс алу үдерісін түсіндіру**
Сабақ мақсаттары:	**Барлық оқушы:** адам организміне кіретін химиялық элементтерді біледі, олардың организмінің қалыпты жұмыс істеуіне қажетті қоректік заттарды түзейтіндігін түсінеді, тыныс алу процесін түсінеді.
	Басым бөлігі: макро және микро элементтерді ажырата біледі; тыныс алу нәтижесінде шығарылған және жұтылған газдың құрамын түсіндіре алады.
	Кейбірі: Тағам құрамындағы химиялық элементтердің өзара байланыста болатындығын түсінеді және олардың адам организміне әсері туралы хабарлама дайындайды; тыныс алу процесін зерттеуде дұрыс қорытынды жасай алады.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	**Жинақтау**
Бағалау критерийі	Адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атайды; - Адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді макроэлемент және микроэлементтерге жіктейді. - Тыныс алу және фотосинтез процестерінің химизмін түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар	**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: макроэлементтер, микроэлементтер, минералдар, дәрумендер, тыныс алу процесі, фотосинтез**
	Сыныптағы диалог: / жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:

қазақша	**орысша**
макроэлементы	макроэлементы
микроэлементтер	микроэлементы
минералдар	минералы
дәрумендер	витамины

Құндылықтарға баулу	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас және жауапкершілік қабілетін, өмір бойы оқуға дайын болу.
Пәнаралық байланыс	Химия. 7 сынып.
Алдыңғы білім	7.4.1.1-тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.4.1.2-тағамдық өнімдердің бір қатарын: көмірсулар (крахмал), нәруыз, майларды білу және анықтай алу.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **2 минут**	**Ұйымдастыру кезеңі:** **1.** Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аудару. Сыныпта жақсы көңіл-күй орнату үшін, оқушыларға **«жағымды сөз»** айтамын. (бүгінгі ауа райы туралы) **2.** Үшке бөлініп тұрған парта арқылы сынып оқушыларын **«Фигуралар»** арқылы сыныпты топқа бөлеміз. ▲ **-топ «Сілтілік металдар»** ■ **-топ «Галогендер»**	смайликтер Түрлі-түсті қима қағаздар

Сабақтың ортасы
3 минут

-топ «Халькогендер»

«Қызығушылықты ояту» Үй тапсырмасын **«Сіз қаншалықты сенесіз»** әдісі бойынша сұралады. (жабық сұрақ бойынша) Екі оқушы арасындағы жұптық жұмыс.

Жабық сұрақтар
Период үлкен және кіші период болып бөлінеді
Натрий 3-периодтың негізгі топшасында орналасқан
К-нағыз металл, валенттігі I
ХЭПЖ 7 топтан, 8 периодтан тұрады
Кремний 3 периодта орналасқан, с.а.м. 28-ге тең
Кальцийдің реттік номері 23-ке тең
Күкірттің электрондарының орналасуы 2)8)6
$S+O_2$ SO_2
K_2O қышқылдық оксид
Мыс үлкен периодта орналасқан

Сұрақтар жазылған кесте қағаздар

Оқушылардың жауап берген парақшаларын жинап алғаннан кейін АКТ көмегі бойынша дұрыс жауабын көрсетемін, оқушы жауабын тексереді

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
+	+	+	-	+	-	+	+	-	+

АКТ. Бағалау парақшалары

Оқушылар өзін-өзі бағалайды

III. Жаңа сабақ.

Бейнеролик. Тақырып ашылады

Элементтердің химиялық қасиетінде ұқсастық мол табиғи ұяластары жайлы мәлімет беріледі, бұл тұста тыңдалым маңызды рөль атқарады.

Мұғалім қосымша түсіндіреді, толықтырады.

Көңіл-күйді білдіретін смайлик

1-тапсырма. «Ойлан- жұптас- бөліс» әдісі. Мәтінді оқып шығады. Оқушылар білімді өздігінен игереді және біріне-бірі үйретеді. Білімдік міндеттерді шешу мақсатында ынтымақтасып жұмыс істеуге машықтанады. Оқылым, тыңдалым дағдысы қалыптасады.

Білім ленд

3 минут

1-топ. Сілтілік металдар. «Сілтілік металдардың сипаттамалары»
2-топ. Галогендер. «Галогендердің сипаттамалары»
3-топ. Халькогендер. «Халькогендердің сипаттамалары»

Оқулық

Оқушылар топтар арасында бағдаршам әдісі арқылы бағалайды.

Дескриптор:

15 минут

-Сілтілік металдардың физикалық және химиялық қасиеттеріне қарай топтастырады;
- Галогендердің физикалық және химиялық қасиеттерін тұжырымдайды;
- Халькогендердің физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттайды.

2-тапсырма.

ҚБ: Басбармақ арқылы.

Дескриптор:

-Сілтілік металдар оксидтері мен гидроксидтерінің түзілу теңдеуін құрады;
-Галогендер мен халькогендердің оксидтері мен сутекті қосылыстарының формулаларын қайта жазады;

Постер, маркерлер

3-тапсырма. «Борт журналы».

8 минут

Тақырып бойынша оқушылар келесі мазмұнды кестені толтырады: «Берілген тақырып бойынша бұрыннан білетінім», «Мәтінді оқып жаңадан білгенім», «Болжамдар», «Тың ақпараттар».

Дескриптор:

-Сілтілік металдар мен галогендердің әртүрлі топтарға біріктіреді;

6 минут Сабақтың соңы 2 минут 1 минут	-Элементтердің физикалық және химиялық қасиеттеріне қарап табиғи топтарын тұжырымдайды; Кері байланыс. «Жарықтар»  **Үйге тапсырма:** Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері.	 Стикерлер

Бала құқығы қалай қорғалады

ДИХАНБАЕВА Назира Биядиловна,
І.Жұмағұлов атындағы орта мектебі,
Көкпияз бастауыш мектебінің тарих, құқық пәні мұғалімі.
Алматы облысы, Кеген ауданы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.5.3.2 Құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау.
Сабақтың мақсаттары	Құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдай алады.
Бағалау критерийі	Құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдайды.
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар орындай алады:** **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Балалар құқықтары мен міндеттері, ата-ана құқықтары мен міндеттері.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» идеясының (6-бөлім) құндылықтарын негізге ала отырып, Ұлттық демократиялық-патриоттық ұстанымдарын бойына сіңіру.

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5минут **Сабақтың ортасы**	**Ынтымақтастық атмосферасын орнату** Үй тапсырмасын сұрау «Оймышты ара» әдісі Видео «Бала құқығы» **«ДЖИКСО»** әдісі оқулықтан оқиды. **1-тапсырма:** «Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі бойынша өз ойларын барынша жазып шығады (Ойлан). Одан кейін олар өз идеяларын әріптестерімен біріктіреді (Бірік) және соңында бәрі идеяларын талқылауды бастайды (Бөліс). Қазақтың ұлы ойшылдары Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин,	Интер.тақта АКТ Құқық негіздері 9-сынып А.С.Ибраева С.Б.Гончарев

30 минут	Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлының тәрбие туралы қалдырған нақыл сөздерімен таныстыру. **2-тапсырма: 1-топ:** Баланың қандай құқығы бар? - Еңбек етуге; - Өз пікірін білдіруге; - Баланың өз атын, әкесінің атын алуға; - Мүлікке ие болу; - Қорғалуға; - Отбасында өмір сүруге, тәрбиеленуге; - Ұлтын таңдауға; - Дем алуға; - Денсаулығын сақтауға құқылы. **2-топ:** «Заңға бағыну – адамзат міндеті». Мен міндеттімін: - білім алуға; - тәртіп сақтауға; - мектеп мүлкін сақтауға; - үлкендерді сыйлауға; - ана тілдің тазалығын сақтауға; - әрдайым таза, ұқыпты жүруге; - темекі шекпеуге, спирттік ішімдіктер ішпеуге. **3-тапсырма: Бұл жауабы болса, сұрағы қандай болады.** **1. Бала өзінің жеке даралығын сақтап қалуға болады.** **2. Міндет.** **3. Құқықбұзушылық.** **4. Алимент.** **5. Қазақтың ұлы ойшылдары.** **6. Заң міндеттейді.** **4-тапсырма: Жылдар сөйлейді:** 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-да «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы» қабылданды. 1959 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясына «Балалар құқығы» декларациясы қабылданды. 1989 жылы «Бала құқығы туралы» конвенциясы қабылданды. 1993 жылы 28 қаңтарда егеменді еліміздің алғашқы Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы бекіткен екінші Конституциямызды қабылдадық. 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы қабылданды. **Бағалау.** **5-Тапсырма:. «Тәртіп орнат»** 1. Құқық А – Еліміздің негізгі заңы. 2. Конституция Б – Мемлекет басшысы. 3. Мемлекет В – Негізгі саяси қоғамдық ұйым. 4. Азамат Г – Тәуелсіздік. 5. Құқық бұзушылық Д – Заңдар жинағы. 6. Президент Е – Заң шығарушы орган. 7. Парламент Ж – Заң жүйесін бұзу. 8. Егемендік З – Құқығы бар ел тұрғыны. 1 ---- 2 ---- 3 ----- 4 ------- 5 ------ 6 ----- 7 ------ 8 Д --- А ---- В ----- З ----- Ж ------ Б ---- Е ------ Г «Бала құқығы» пирамида 	
Сабақтың соңы 5минут **Рефлексия**		

ГОРМОНДАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

ОРЫНБАЕВА Гүлнар Әубәкірқызы,
Абай жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Кентау қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	**11.1.7.2 Гормондардың әсер ету механизмін түсіндіру**
Сабақтың мақсаты	- Гормондардың әсер ету түрлеріне қарай бөліну түрлерін анықтау; - Гормондардың қасиеттері мен қызметін сипаттау; - Гормондардың әсер ету жолдарын, механизмдерін түсіндіру.
Бағалау критерийі	- Гормондардың түрлерін анықтайды; - Гормондардың қасиетін, негізгі қызметін сипаттайды; - Гормондардың әсер ету жолдарын, механизмін талдайды.
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар орындай алады:** Гормондардың әсер ету түрлеріне қарай бөліну түрлерін анықтай алады. Гормондардың әсер ету механизмін түсіндіре алады. **Пәнге қатысты лексика және терминология:** гормондар-hormone, троптық гормондар-tropical hormone, эффекторлық гормондар-effekter hormone, мембраналар-membranes, инсулин-insulin, глюкагон-glucagon, паратгормон-parathyroid hormone, синергизм-synergism, антогонизм-antogonism. **Диолог құруға жазылымға қажетті сөздер топтамасы:** Гормондар әсер ету бағытына қарай ... топтарға бөлінеді. Гормондардың әсер ету жолдарын білесіндер ме? Тікелей нысана мүшелерге әсер ететін гормон ... Зат алмасу процесін реттейтін гормондар қандай?
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығын денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамыту, дені саудың жаны сау.
Пәнаралық байланыс	Тақырыптық кейбір ұғымдарды түсіндіру барысында келесі пәндермен байланыстырылады: - Гормондардың химиялық құрамын химия пәнінен алған білімдерін, гормондардың әсер ету механизмін білу үшін физика пәндерінен алған білімдерін пайдаланады.
Алдыңғы білім	8 сыныптан гормондардың түрлері, гормондардың қызметі жайында біледі. 9 сыныптан гомоеостазды сақтау механизмі гуморалды жолмен реттелуін біледі.

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **3 минут**	**Сәлемдесу.** Сыныпта психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. Тренинг «Сиқырлы қалпақ» әдісі оқушыларды ортаға шақырып бір-біріне жақсы тілектер айтқызу. **Фигуралар арқылы топқа бөлу** Шағын топтарға бөлу: **1-топ.** Инсулин; **2-топ.** Паратгормон; **3-топ** Ауксин. 	Сурет фигуралары

<table>
<tr>
<td>

Сабақтың ортасы

3 минут

10 минут

</td>
<td>

Миға шабуыл: Жаңа тақырыпқа ену:
Гормондар дегеніміз не?
Гормондардың қызметі қандай?
Сабақтың тақырыбын ашу үшін бейне материал көрсетіледі.
Топтық жұмыс. Гормондардың әсер ету механизмі туралы **«Джигсо»** әдісі арқылы мәтінмен танысады.
1-топ. Гормондардың түрлері;
2-топ. Гормондардың қасиеті организмдегі қызметі;
3-топ. Гормондардың әсер ету механизмі.
Сұрақтар қойып талқылау. Топта оқушы шығып басқа топтарға өз мәтінін постер қорғау арқылы түсіндіреді. Постерді тақтаға іліп оқушылар **«Галереяға саяхат жасау»** әдісі арқылы танысады.
Дескриптор:
- Гормондардың түрлерін біледі.

</td>
<td>

https\\youtu.be\\JJR2WwhiZW8
Интерактивті тақта АҚТ

Плакат, қалам, маркерлер, сызғыш

</td>
</tr>
<tr>
<td>

3 минут

4 минут

5 минут

2 минут

5 минут

</td>
<td>

- Гормондардың қасиеті мен қызметтерін анықтайды.
- Гормондардың әсер ету механизмдерін түсіндіреді.
Бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша топтар бірін-бірі бағалайды.
1 минуттық сергіту сәті: «Қыдырып қайтайық» әуеніне билеу.
1-тапсырма. Жеке жұмыс: «Сұрақ-жауап»
Сәйкестендіру тесті

	Сұрақ	**Жауап**
1	Гормон терминін ғылымға енгізген ғалымдар	Зат алмасу процесстерінің әртүрлі жағдайларына әсер етеді
2	Метоболиздік гормондар әсері	Гипофиздің троптық гормондарының бөлінуін реттейді
3	Эффекторлық гормондардың әсері	Эффекторлық гормондардың түзілуі мен бөлінуін жандандырады
4	Троптық гормондар әсері	Олар тікелей нысана мүшелеріне әсер етеді
5	Рилизинг гормонының әсері	Бейлисс пен Старлинг

Дескриптор:
Гормондардың әсер етуіне байланысты түрлерін анықтайды;
Гормондардың әсер етуіне байланысты қызметтерін біледі.
Бағалау: «Бағдаршам» арқылы өзін-өзі бағалайды.
2-тапсырма. Топтық жұмыс: Модельдеу арқылы Ішкі секреция бездерінің қағаз қиындыларынан жасап, гормондардың бөлінуін, ағзалардағы орнындағы орнын тауып көрсету.
Дескриптор:
Оқушылар топ болып моделін жасайды;
Өз модельдерін топта қорғады.
Бағалау: «Екі жұлдыз, Бір ұсыныс» арқылы топтар бір-бірін бағалайды.
4-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Көршіңе айтып бер» әдісі бойынша ойларын ортаға ұсынады.
Бір гормонды мысалға ала отырып әсер ету механизмін түсіндіру
Инсулин гормондарының әсер ету механизмін сипаттау.
2 Гипофиз бездерінің гормондарының әсерін сипаттау.
Дескриптор:
Гормондардың әсер ету механизмдерін сипаттайды.
Қалыптастырушы бағалау: «Басбармақ» арқылы бірін-бірі бағалау.

</td>
<td>

Үлестірмелі материалдар

Адамның ішкі секреция бездерінің моделі

Интерактивті тақта

Суреттер, сызбалар
Сурет, схемалар

</td>
</tr>
</table>

Сабақтың соңы **5 минут**	**Рефлексия. «Жетістік ағашы»** Оқушылар бүгінгі сабақты қаншалықты меңгергендігін қызыл, сары және жасыл түсті жапырақтар арқылы көрсетеді. Қызыл-түсінбедім Сары-орташа Жасыл-тақырыпты толық меңгердім. **Үй жұмысы: 16. Гормондардың әсер ету механизмі.**	

Ұлы Абай

ОРАКБАЕВА Гулбану Артыкбаевна,
Абай атындағы жалпы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы

Абай Құнанбайұлы (Абай Құнанбайұлы; 10 тамыз 1845 - 6 шілде 1904) - қазақ ақыны, композиторы және философы. Ол сонымен бірге ағартылған ислам негізінде еуропалық және орыс мәдениеттеріне қатысты мәдени реформатор болды. Оның есімі Абай Құнанбаев (Абай Құнанбаев) деп транслитерацияланған; қазақтар арасында оны Абай деп атайды.

Абай Ресей империясының Семей уезінің Шығыс облысы Қарауыл ауылында дүниеге келген (бұл қазір Шығыс Қазақстан Абай ауданында). Ол Құнанбай мен Ұлжан, оның әкесінің екінші әйелі. Олар оны Ибрагим деп атады, өйткені отбасы мұсылман болған, бірақ көп ұзамай оған «Абай» деген лақап ат қойылды («сақ» дегенді білдіреді), бұл есім өмірінің соңына дейін бірге қалды.

Бала алдымен жергілікті медреседе молда Ахмет Ризаның қол астында оқыды. Оның әкесі Абайды Семейдегі Руссан орта мектебіне жіберуге қарсы болған. Онда ол Михаил Лермонтов пен Александр Пушкиннің жазушы ретінде қалыптасуына әсер еткен жазбаларын оқыды. Оның үстіне ол шығыс поэзиясын оқығанды ұнататын.

Абайдың қазақ мәдениеті мен фольклорына қосқан негізгі үлесі оның ұлы ұлтшылдықты білдіретін және қазақтың халықтық мәдениетінен шыққан поэзиясында. Оған дейін қазақ поэзиясының көп бөлігі ауызша, қазақ даласындағы халықтың көшпелі әдеттерімен үндес болды. Абайдың көзі тірісінде батыста бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды. Қазақстанда Ресейдің ықпалы өсе берді, нәтижесінде білім беру мүмкіндіктері кеңейді, сонымен қатар орыс немесе азиялық болсын, әртүрлі философияларға ұшырады. Абай Құнанбайұлы осы жаңадан ашылған географиялардың мәдени-фило-софиялық тарихына терең бойлады. Осы тұрғыдан Абайдың шығармашылық поэзиясы білімді қазақтардың философиялық ойлауына әсер етті.

Абай шәкірттерінің арасында оның немере інісі, тарихшы, философ және ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) болды.

Оның мүсіндері Қазақстанның көптеген қалаларында, сондай-ақ Пекин, Мәскеу, Нью-Дели, Тегеран, Берлин, Каир, Стамбул, Киев, Будапешт қалаларында орнатылды.

Абай қазақстандық теңгенің назарында, Алматыдағы метро станциясы оның есімімен аталады, көше, алаң, театр және көптеген мектептер.

1995 жылы, Абайдың туғанына 150 жыл, ЮНЕСКО оны «Абай жылы» шарасымен атап өтті. Абай өмірі туралы фильмді «Қазақфильм» 1995 жылы түсірді, «Абай». Ол сондай-ақ тағы бір қазақстандық жазушы Мұхтар Әуезовтің екі романы мен операсының тақырыбы.

Әкесінің өмірін сипаттайтын тағы бір фильм 2015 жылдың желтоқсанында «Құнанбай» деп аталған.

2016 жылы Абай Құнанбайұлы «Ел Тұлғасы» (Отанның аты) ұлттық жобасының «ұсынылған үміткерлер» санатындағы номинанттардың бірі болып таңдалды. Жобаның идеясы Қазақстанның ең танымал және танымал азаматтарды таңдау болды. Атаулары қазір елдің жетістіктерімен байланысты. Бұл жобада 350 000-нан астам адам дауыс берді, ал Абай өз санатында 5-орынға ие болды.

2020 жылы Қазақстан үкіметі оның туған күнінің 175 жылдығын жыл бойы атап өту жоспарын жариялады.

Абайдың негізгі шығармасы - Сөздер кітабы («қара сөздері», Qara sózderi), философиялық трактат және өлеңдер жинағы, ол өзінің қазақтарын кедейліктен, құлдық пен сыбайластықтан құтылу үшін білімділікке, сауаттылыққа және жақсы адамгершілікке шақырады. 2012 жылы 9 мамырда Мәскеуде Владимир Путиннің үшінші мерзімге Ресей Федерациясының Президенті қызметіне

кірісуінен кейінгі екі күндік наразылықтардан кейін наразылық білдірушілер Мәскеудің орталығындағы Чистопрудный бульварындағы Абай Құнанбайұлы ескерткішінің жанында лагерь құрды. Мүсін тез арада наразылық акциясының қатысушылары үшін сілтеме болды. Оккупа Абай бірнеше күн бойы Twitter-дегі хэштегтердің қатарында болды, ол Ресей оппозициясының жетекшісі Алексей Навальныйдың арқасында Мәскеудегі Абай Құнанбайұлының ескерткішінің жанында ізбасарларымен кездесу ұйымдастырды. «Белгісіз бір қазақтың ескерткіші» деп аталады. Бұл Абайды жоғары бағалайтын этникалық қазақтардың наразылық толқынын тудырды. Бұл сонымен қатар Абай поэзиясын AppStore жүктеулерінің ондығына кіргізді.

Абайды тәрбиелеудің негізгі қалыптастырушы факторы оның авторитарлық әкесімен даулы қарым-қатынасы болды, оның жоспары - Абайды өзінің ізбасары етіп көтеру. Құнанбайдың төрт әйелі болған, олар өзара бәсекелес болған. Бірақ Абайдың анасы Ұлжан және оның әжесі Зере Абайға күштен басқа құндылықтарға негізделген әділеттілікке, шындыққа, барлық адамдарға деген құрметке, жанашырлыққа және өзара көмекке негізделген өмір сүру мүмкіндігін көрсетті. Оны өзінің ресми аты-жөні Ибраһим емес, «ойшыл» деген мағынада Абай деп атаған оның анасы болды. Баланың жеке басын сипаттайтын «ойластырылған» болғандықтан, ол оған мәңгі қалды.

Абай кең таралған зиялы адам болды, оның пікірі, оның ішінде орыс әкімшілігі, әсіресе құқықтық қайшылықтарда бағаланды. Бірақ оның өмірінде ол көптеген қайғылы жағдайларға тап болуы керек еді. Ол 1895 ж. және 1904 ж. туберкулезден екі ұлынан айрылды. Қайғыға салынып, өмір сүруге деген ерік-жігері төмендеді. Абай 1904 жылы 6 шілдеде қайтыс болып, Жидебайда жерленген. 1940-1950 жылдары қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов Абайдың өмірін төрт томдық эпоса айналдырды, сөз жоқ, қазақ әдебиетінің ең үлкен жетістігі: Абай жолы (Абай жолы). Әуезов өзінің байлығымен және психологиялық тереңдігімен теңдесі жоқ қазақ мәдениеті мен әдет-ғұрыптарының шынайы энциклопедиясын жасады. Қазақ халқының көп қабатты көшпелі қоғамы өзінің күрделі қарым-қатынастарымен, уақыттың қадірін білетін дәстүрлерді де, ақылға сыймайтын шектен шығуды да қамтиды, Абайдың призмасы арқылы көрінеді, ол лайықты адам, адал дос, жалынды ғашық бола біледі.

Киелі шаңырақ

ҚАЗҰУ – ЕЛІМІЗДІҢ ШОҚТЫҒЫ БИІК БІЛІМ ОРДАСЫ

САТЫБАЛДИЕВА Айдана Әміржанқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің логистика к\|3 4курс студенті.
Жетекшісі: Экономика және Бизнес Жоғары Мектебінің Бизнес - технологиялар кафедрасының аға оқытушысы Болтаева Айгул Жанатқызы.
Алматы қаласы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – тәуелсіз еліміздің жоғары оқу орындарының арасында шоқтығы биік, қашанда дара тұратын білім ордасы. Әрине, бұл асқақ мәртебе оқу орнымыздың бір күнгі жемісі емес, құрылған күннен бүгінгі уақытқа дейінгі қалыптасу мен дамудың, бірнеше буын өкілдерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орны дамудың жаңа сатысына аяқ басқандай. Себебі еліміздің тәуелсіздік мұратын баянды ету жаңа стратегиялық мақсаттарды алға тартуда. Сондықтан да ғаламдану үдерісінен қалмай, дамыған елдердің жоғары оқу орындарымен иық тірестіру үшін ғылым мен білімнің жаңа технологияларын оқу үрдісіне алғашқылардың бірі ретінде енгізіп, қомақты нәтижеге қол жеткізуде. Биыл қара шаңырағымызға айналған Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 86 жыл толып отыр. Іргелі оқу орны өзінің шаңырағын 1934 жылы 15 қаңтарда көтерген болатын. Қазіргі таңда елдегі алдыңғы қатарлы жоғары да сапалы білім беретін білім ошақтарының біріне айналғаны анық. Өйткені қара шаңырағымыздан бүгінгі таңда аты республика деңгейінде ғана емес, бүкіл әлемге танымал талай білім мен ғылым қайраткерлері, ардақты азаматтар шыққандығы мәлім.

1991 жылы университет адамзаттың екінші ұстазы атанған, түркі әлемінің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби есімін иеленді. 2001 жылы еліміздің алғашқы ұлттық университеті мәртебесін алды. «Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында аталған ұлы есімдер ішінде алғашқылардың бірі болып аталған Әл-Фараби бабамызға биыл 1150 жыл толғандығын айтпай кетуге болмас. Осы бабамыздың есімін алған университетіміз бұл мерекені ерекше тойлап, әртүрлі шаралар атқаруда. ҚазҰУ-да бүгінгі таңда ғұламаның еңбегін насихаттау үшін біршама жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Университетімізде жыл сайын халықаралық Фараби форумы өткізіліп тұрады. «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығы құрылған. Оның жұмыстары жетекші шетелдік ғылыми мектептермен ынтымақтастықта жүргізілуде.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктірген, сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, мен өзімнің ҚазҰУ-да жүргендігімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.

Менің отбасым

КНАЗХАН Ерсұлтан Қайратұлы,
Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің 4 «Б» сынып оқушысы,
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі Қасымова Гүлзада.
Түркістан облысы,Төле би ауданы

Отбасы адам өміріндегі ең маңызды құнды дүние. Отбасы қиналғанда қайғыңа, қуанғанда қуанышыңа ортақ болатын аяулы жандар. Отбасының тірегі сүйіспеншілік, бірлік және сенім. Отбасы жоқ адам қанатсыз құспен тең. Ал бірін-бірі сыйлап, бірін-бірі сүйіспеншілікке бөлеп отырған отбасысы бар адам өте бақытты жан.

Мен бақыттымын! Себебі менің отбасым қасымда. Маған ақыл беретін атам мен әжем, асқар таудай әкем мен алтын анам бар. Кез-келген уақытта қысылмай көмек сұрай алатын, мен дегенде жаны бөлек бауырларымның ортасындамын. Біз үлгі тұтарлық отбасымыз. Мен өз отбасымды үлгі тұтамын және мақтан етемін. Мен отбасымның бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын!

I prefer English Language

ТИМУРҚЫЗЫ Диана,
Қызылащы орта мектебінің оқушысы.
Жетекшісі: Ахметқызы Құралай
Алматы облысы, Алакөл ауданы

Nowadays all of the world make use of English language. In general in 2015, out of the total 195 countries in the world, 67 nations have English as the primary language of official status.

Also plus there are also 27 countries where English is spoken as a secondary official language. One of them Australia, The Bahamas, Barbados, Canada, Ireland as well as Jamaica, United Kingdom, United States of America.

Actually today we can also speak best of all ,even understand news on TV, for instance listen music, it's easy and useful , enjoyable English Language articles .

Sometimes I feel that I just like that wonderful language, I just enjoy when I speak or utilize it everywhere . In my opinion it's powerful in every world.

Every one can dream to use it freedom , like in science, math, art, culture even in business, communication also with technology

Additionally, now a lot of people in the world studying, speaking in foreign languages as possible way. Today XXI century so exactly professional no matter what job to choose, if everyone have one more vocabulary.

Eventually, I wish to give some advice for our teens “Let's to know and develop our thinking”. I am for to up our nation level to knowledge!!!

Қыс

ЕСТЕМЕС Мейрамбек Нұранұлы,
Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің 4 «Б» сынып оқушысы,
Жетекшісі: Бастауыш сынып мұғалімі Қасымова Гүлзада.
Түркістан облысы,Төле би ауданы

Міне, біздің даламызға қыс келді. Әр мезгілдің өзіне тән ерекшелігі бар.Қыс мезгілі аппақ қарымен, сықырлаған аязымен, көк айдын мұзымен ерекше. Далаға шығып айналаға көз тастап, қыстың өзіндік керемет-тілігіне қарап ойланып кетіппін. Айнала аппақ ақ көрпеге оранған, жаздағыдай сыңғырлаған құстардың үні жоқ, әр жерден құстардың даусы құлаққа әрең естіледі. Есік алдында ойнаған балалар, бірі аққала соқса, бірі шанамен сырғанап, бірі қар атысып ойнап жүр. Балалар өте көңілді. Ағаштардың бұтақтары да әдемі болып жарқырап тұр. Аяздың әсерінен терезелер де әдемі өрнектер пайда болып, суретшілер бейнелеп салып бергендей болып көрініс тауып тұр. Абай атамыздың «Ақ киімді денелі ақ сақалды...» деген өлең жолдары қыс мезгіліне деген сүйіспеншілігінді арттырады. Мен қыс мезгілін өте жақсы көремін.

Асқабақтың сырлы әлемі

ТОЙБЕК Нұрхат,
М.Ломоносов атындағы мектеп-гимназиясының 2 сынып оқушысы,
Жетекшісі: бастауыш сынып мұғалімі Омарова Ғалия Амангелдіқызы.
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы

Бастапқыда тек Орталық Америкада өскен асқабақ енді әлемнің барлық аймағында өсіріледі. Сол секілді Қазақстанда да түрлі тағамға қосылады. Оның пайдалылығы соншалық, балалар диетасында қолдануға болады. Дәнектерінен жоғары бағаланатын, емдік қасиеті бар май дайындайды. Асқабақ артық салмақтан арылуға көмектеседі. Ол зат алмасуды реттеп, өтті айдайды. Ал, құрамындағы Т дәрумені асқазанның жұмысын майды жылдам қорыту арқылы жеңілдетеді. Асқабақтың адам ағзасына тигізер пайдасы күнделікті тұтынатын алмадан да асып түседі. Оның құрамына Т дәруменінен өзге А, В, С, D сынды дәрумендер мен фолий қышқылы бар. Және калий, кальций, магний, фосфор сынды макро, йод, күкірт, фтор, темір сынды микроэлементтер бар. Ішінде ең көп кездесетіні – темір.Оның құрамындағы калий қан тамырлар жүйесінің жұмысын жеңілдетіп, жүректің саулығын қамтамасыз етеді. Құрамындағы жасұнығы ішектің жұмысын жақсартады. Ал, пектин ағзадағы боқат пен уытты тазалайды. Құрамындағы Е дәрумені әжімдерді жазып, жасаруға септігін тигізеді. Ал, асқабақ дәні ағзаны маймен, ақуызбен және минералды тұздармен қамтамасыз етеді. 100г асқабақта 25 ккал бар. Құрамында адам ағзасына қажетті жасанды талшық, ақуыздар, каротин, кальций, темір, магний, фосфор және А, В1, В2, РР және С дәрумендері болатынын, құрамындағы жасанды талшықтың, судың және жасұнықтың көп мөлшерінің арқасында, асқабақты арықтау үшін ем ретінде қолданылатынын да білдім. Сонымен қатар, ағзадағы ас қорыту үдерістерін тездетеді, уыттардан тазартады, зат алмасудың артық өнімдерін жояды және су тепе - теңдігін реттейді, минералды тұздарға және дәрумендерге бай. Несеп, жыныс жүйесінің көптеген ауруларын емдеуге көмектеседі. Несеп айдаушы, қабынуға қарсы, өт айдағыш қасиеті бар және дәндері паразиттерді жояды, - деген мағлұматтарды интернет желісінен оқып, біліп, Амангелді атаның асқабақты тектен-текке екпейтіндігіне көзім жетті.

Асқабақтың емдік қасиеті: Асқабақ әсіресе асқазаны ауыратындарға таптырмайтын дәрі екен. Сонымен бірге жүрегі әлсіздерге, түрлі аурудан жүдеп, шаршағандарға қуат беретін бірден- бір пайдалы ас. Асқабақтың ішіндегі жұмсақ жерін, яғни «етін» күйген денеге таңуға да болады екен. Интернеттен халық емі ретінде отқа, ыстық суға күйіп қалғандар үй жағдайында асқабақтың сары етін алып таңса күйіктің ыстығын алып тез жазылуға себеп болатынын оқыдым. Пікір білдіргендердің ішінде мұны дәрігерлер де мақұлдапты. Мың да бір

ауруға дауа болатын асқабақтың пайдасын айтып тауысу мүмкін емес. Сонымен қатар ол: асқабақ көру қабілеті нашарлағандарға, қан аздықтан жапа шегетіндерге көмек бере алады. Құрамындағы жасанды талшықтың арқасында артық салмақтан арылғысы келетіндер үшін де таптырмайтын ем.

Асқабақ ағзаны шлактан тазартып , зат алмасуды тұрақтандырады. Несеп-жыныс жүйесінің көптеген ауруларын емдеуге көмектеседі. Несеп айдаушы, қабынуға қарсы, өт айдағыш қасиеті бар және де паразиттерді жоятын қасиетке ие дейді. Сонымен қатар, мал шаруашылығына пайдасы өте зор екен. Сиыр малының сүйіп жейтін азығы, асқабақты жем

ретінде берсе сиыр малының сүті мол, майлы және де тәттәі болады. Оның дәлелі ауылда апамның замандас досы Бейсен апа деген кісі Амангелді атаның ғана үйінен сүт алып ішетінін, сиырларының сүті магазиннің «айналайын» деген сүтіндей екенін айтып отырғанын естідім.

Дәрумендердің көптігіне бола, мың бір ауруға ем.

1. Асқабақ шырыны балмен жатар алдында ішсе, жүйке жүйесін тыныштандырып, ұйқы дәрісі секілді әсер етіп, тыныш ұйықтайсыз.

2. Жүкті әйелдердің жүрегінің айнығанын асқабақ шырыны басады.

3. Ағза жүдегенде, әлсіздік кезде асқабақты сүтпен дайындап, қаймақ, май, жаңғақ, бадаммен қосып жейді.

4. Асқазан ішек жолдары, асқазанның шырышты қабатында дерт болса, асқабақтан езбе дайындап, ішіңіз.

5. Бүйрек ауырғанда тәулігіне жарты стақан шырыны немесе қайнатылғанын жейді.

6. Терідегі қышыма, есекжем шыққанда, не болмаса күйік шалғанда үккіштен өткен мәйегінен компресс жасайды.

7. Сары ауру дертінде 4 ай қатарынан үзбей мәйегін жеу керек. Бауырға өте жақсы, әрі қызметі жақсарады, әрі пайдалы.

8. Ішектегі құрт дертінде асқабақты алып, дәні мен мәйегін ойып алып, жылы су құяды. Жарт сағат беті жабық ыдыстың ішінде болуы керек. Дайын кезде тұнбадан күніне 4 рет астан 20 минут бұрын жарты стақан ішеді. Бір айдан кейін қайтадан жалғастырады.

9. Ішектегі паразиттен құтылады ең тиімді тәсілі қабығы аршылған дәнін ашқарынға жейді. 7 шақты дәнді езіп, сүтпен ішеді.

10. Простатит кезінде, 0,5кг тазаланған асқабақ дәнін, шикісін, еттартқыштан өткізіп, 1 стақан балмен араластырып жеу керек. Он шақтысын банкаға салып, қалғанын тоңазытқышқа сақтайды. Күніне 1 рет ашқарынға 30 минут бұрын жейді. Емді жылына 1 рет ғана жасайды. Көп жеу жүректі нашарлатып жібереді.

11. Ұйқысыздық болғанда қайнатылған, буға піскен асқабақ мәйегінен ботқа дайындап күніне 2 рет 50гр ішеді. Жатар алдында қайнатпасына бал қосып, 3 стақаннан кәдеге жаратады. Екінші жағдайда: 20 бадам жаңғағына 1 шәй қасық асқабақ дәнегін қосып, үстіне қайнаған су құйып, 8 сағат тұндырады. Кешке тамақтан соң ішу керек.

Қорытындылай келе, осы зерттеу жұмысымен айналысу барысында өзіме қажетті және болашаққа қажетті біраз нәрсені жинақтадым. Сырға толы, көп адам жақтыра бермейтін асқабақтың мың түрлі дертке дауа екенін және де оның пайдасының мол екеніне көзім жетті. Олай дейтінім, базарда асқабақтың 1 келісі 150 теңге, ал дәнегінің 100 грамы 200 теңге екенін өз көзіммен көріп қайттым. Егер де оның пайдасы болмаса ол сондай қымбат болмас еді ғой деген ой түйіндедім. Сонымен қатар мен өз асқабақтарымды есептеп көрдім. Мен 8 түп асқабақ ектім, олардан 22 үлкен-кішілі асқабақ өнімін жинап алдым. Олардың салмағы әртүрлі болды. Сонда мен 5 келі асқабақты есептесем, 5 х150 = 750 теңге., ал оның ішіне дәнегі 200 грамм шығады екен, сонда дәнегі 200х200=400 теңге , сонда менің 5 келілік асқабағымның өзі 750 + 400= 1150 теңге болады екен. Мейлі орта есеппен Амангелді ата сияқты 80 теңгеден сатсам да, 5 асқабақтың өзі менің шығынымды өтеп береді екен. Қазір біздің ауылдың өзінде асқабақты тағам ретінде қолданып жүрген үй көп. Тіпті дәнегінің өзін кептіріп, ішек құрты бар балалар шағып жеп те жүр. Дәріханада 1 қорабы 500 теңге тұрады екен. Мен оны қызықтап сұрап көрдім. Асқабақтың адам өмірі үшін өте маңызды өсімдік екенін зерттеп шықтым. Ол жүрек - тамыр аурулары мен бүйректің әр түрлі аурулары үшін пайдалы. Асқабақтың калориялығы төмен, сондықтан одан жасалған тамақтар семіздіктен зардап шегушілер мен толысуға икем адамдар үшін пайдалы. Асқабақты асқазан мүшелері ауырған кезде емдік тағам ретінде пайдаланады, өйткені, онда клетчатка мен органикалық қышқылдар аз, ал мұның өзі ішектің шектен тыс ауруына жол бермейді, ішек пен қарынның шырышты қабығын түршіктірмейтіндігін оқып білдім.

Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Абай атындағы №17 жалпы орта мектебі оқушыларының салған суреттері

ӘУЕЛБЕК Жібек, 1 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Естуреева Салима Жұматаевна

ШЕРНАЗАРОВ Жалолдин, 2 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Дарменшиева Айгул Жораевна

Сиқырлы бояу

УТЕУЛИЕВ Асқарбек, 2 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Исағұл Тоқжан Таңатарқызы

СӘРСЕНБАЙ Адия, 2 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Исағұл Тоқжан Таңатарқызы

Сиқырлы бояу

ДҮЙСЕН Жомарт, 2 сынып оқушысы.
Жетекшісі: Қалқашева Рахима

№01 (063) 2021 жыл
Қаңтар

Мазмұны

ЕСЕН Б.А.
Қазақ Елінің Мәңгілік құндылықтары.....1
ЖОЛАЕВ Р.
Бірлік - барлық қиындықтарды жеңетін Ұлы күш.....2
ҚАСЫМБЕКОВА Г.Е.
Құзыретті басшы – мектеп әлеуетінің негізі.....4
АЛПЫСБАЙ Н.
Информатика пәнін қашықтықтан оқытудағы тиімділіктері.....6
ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ
ИБРАЕВА А.Д. 7
КУРМАНБАЕВА Г.Р. 7
УТЕГЕНОВА М.Н.
Ұлы Абайдың мол мұрасын дәріптеу –
баршамыздың азаматтық парызымыз.....8
ОМАРОВА А.А.
Өзін-өзі тану - рухани-
адамгершілік білім беру пәні.....10
САХОВ Н.У.
Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны.....11
УМАРАЛИЕВ Қ.А.
Мектебіміз - Мәңгілік Мақтанышымыз.....12
ТИЛЛАБЕКОВА А.О.
Жас ұрпақ тәрбиесіне, қоғам болашағына жауапкершілікпен
қарау - әрбір саналы азаматтың борышы.....14
ТЫНЫМБАЕВА Г.Т.
Көркем еңбек пәнін оқытудың психологиялық негіздері.....16
ИСАБАЕВ Д.А.
Спорт мектептеріндегі жаттықтырушылардың жұмыстарының
оқу процесіндегі әдістемелік жұмыстары.....17
БЕКХОЖАНОВА Р.Р.
Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері.....20
МАКУЛБЕКОВА П.Ш.
Рим цифрлары.....22
ДАЛДЕКЕЕВА А.Б.
Живая природа.....23
ДИЛДАБЕКОВА Г.А.
Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі.....25
ДИХАНБАЕВА Н.Б.
Бала құқығы қалай қорғалады.....27
ОРЫНБАЕВА Г.Ә.
Гормондардың әсер ету механизмі.....29
ОРАКБАЕВА Г.А.
Ұлы адамдар - Ұлы Абай.....31
САТЫБАЛДИЕВА А.Ә.
ҚазҰУ – еліміздің шоқтығы биік білім ордасы.....32
КНАЗХАН Е.Қ.
Менің отбасым.....33
ТИМУРҚЫЗЫ Д.
I prefer English Language.....33
ЕСТЕМЕС М.Н.
Қыс.....33
ТОЙБЕК Н.
Асқабақтың сырлы әлемі.....34
СИҚЫРЛЫ БОЯУ
ӘУЕЛБЕК Ж. 36
ШЕРНАЗАРОВ Ж. 36
УТЕУЛИЕВ А. 36
ҮЙСЕН Ж. 36

БІЛІМ ШЫҢЫ-
ҒЫЛЫМ СЫРЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Бас редактор:
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
Биғараев Жарқынбек

Тілшілер:
УСИПОВА Жанна
ИЗТАЕВА Феруза

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

Компьютерлік қызмет:
ҚҰРАЛБЕКОВА Динара

Журнал Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.
Журнал 2020 жылы 20 қаңтар ЖК “Шың” баспаханасында басылып шықты.
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1
Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 705 352 14 88
эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №018
Таралымы: 6270

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, САЙРАМ АУДАНЫ
№65 ӘБДІРАШИД МҰЗРАПОВ
атындағы жалпы орта мектеп

Мәңгілік мақтанышымыз

Мектебіміз